

Аймақ әлеуеті
артып келеді



3-бет

Талабына нұр жауған
Татьяна



4-бет

Жастар
бәсекесінің
жарқын белесі



8-бет

Құрметті ұстаздар!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Болашақ ұрпақты тәрбиелеу жолындағы қажырлы еңбегіңіз үшін алғысымызды білдіреміз. Сіздер білім беріп, шәкірттердің жеке тұлғасын қалыптастырып, оларды өз елінің патриоты, нағыз азамат етіп тәрбиелейсіздер. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың айтуынша, білім мен ғылым – мемлекеттің дамуындағы басты тіректер. Бұл сіздердің еңбектеріңіз қоғамда лайықты бағаланып, жосары орынға ие екендігін көрсетеді.

Қарағанды облысында білім саласына айрықша көңіл бөлініп, көп жылдан бері көптеген маңызды жобалар жүзеге асырылып келеді. Жаңа оқу жылы басталғалы бері жаңа мектептер, балабақшалар мен оқу сарайлары бой көтеріп, сондай-ақ ауылды жерлерде де осы салаға үлкен көңіл бөлінуде. Қазіргі уақытта тәрбие жұмысы күшейтілуде, инклюзивті білім беру мен дарынды балаларды қолдау, ұстаздардың кәсіби дамуына үлкен көңіл бөлінуде. Біздің оқушыларымыз республикалық және халықаралық олимпиадаларда, байқауларда жақсы нәтижелерге қол жеткізіп, еліміздің даңқын асырды. Бұл – сіздердің еңбектеріңіздің жемісі, құрметті ұстаздар!

Жас мамандарға да ерекше назар аударылуда. Биыл облысымызда 50-ден астам жастар, облыс бюджетінен білім алған түлектер мектептерде жұмысқа қабылданды. Біз жас педагогтардың кәсіби даму жолында арқашан қолдау көрсетіп, олардың жұмысын ұйымдастыруға барлық жағдайларды жасайтын боламыз.

Білім беруде, биік белестерді бағындыруға тілектеспіз! Оқушыларыңыздың жетістіктері сіздерге қуаныш әкелсін, ал, жұмысыңыздан қанағат пен лайықты құрмет табысыз деп сенеміз!

Мереке құтты болсын!

Ермағанбет БОЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі
Нүркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

РЕСМИ

Өңір экономикасында өсім бар

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаевты қабылдап, өндірісті өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, өнеркәсіптік әлеуеті, инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылуы, инвестициялық ахуалы және ірі өндіріс орындарының қызметі жөнінде танысты.



Әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан одан әрі дамытуға және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған бірқатар нақты тапсырма берді. Қасым-Жомарт Тоқаев

 **Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Келелі кездесу барысында өңірдің негізгі макроэкономикалық көрсеткіштеріндегі өсім, жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған инвестициялық жобалар, азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары мен өнеркәсіпті жаңғырту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар баяндалды.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың айтуынша, барлық негізгі көрсеткіш бойынша тұрақты өсім байқалады. Биылғы сегіз айда облыста 3,2 триллион теңгенің өнеркәсіп өнімдері өндірілген. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7 пайызға артық. Әсіресе, өңдеу өнеркәсібінің өңірлік жалпы өнімдегі үлесі артып келеді.

Металлургия, машина жасау, ауыл шаруашылығы, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің өндіріс көлемі ұлғайған.

– Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 644,7 миллиард теңгені құрап, 11,1 пайызға өсті. Биыл жалпы құны 195 миллиард теңге болатын 29 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 2 700-ден астам жаңа жұмыс орны пайда болады. Ал, 2030 жылға дейінгі жоспарда құны 4,5 триллион теңгені құрайтын 120 ірі жобаның пулы жасақталды. Баянды бастамалар 20 мың жаңа жұмыс орнын ашуға мүлтіксіз мүмкіндік береді, – деді аймақ басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа азықтүлік нарығының импортқа тәуелділігін азайтуға бағытталған жұмыстар жүргізіліп жатқаны жөнінде де егжей-тегжейлі айтылды. Ауыл шаруашылығында ірі жобалар іске асырылуда. Атап айтқанда, екі ірі тауар

лы сүт фермасының құрылысы аяқталған соң, өңірдің сүтке деген сұранысы толық қамтамасыз етілмек.

Мемлекет басшына «Qarmet» АҚ қызметі туралы ақпарат берілді. Компания сегіз айдың ішінде өндірісті жаңғыртуға 110 миллиард теңге инвестиция салған. Нәтижесінде шойын өндіру – 6 пайызға, болат – 6,9 пайызға, илемдеу 5 пайызға артқан. Metallurgy комбинатында жаңа коксты батареялар, құю-илемдеу кешені, сұрыптап-илемдеу цехы секілді ауқымды жобалар қолға алынған. Сондай-ақ, кәсіпорын біртіндеп табиғи газға көшуде, алғашқы кезең толық аяқталды. Шахталардағы жағдай да оң нәтиже көрсете бастады: көмір өндіру көлемі 15 пайызға артқан. Еңбек қауіпсіздігін күшейтуге арналған іс-шаралар қолға алынған.

Қабылдау соңында Президент өңірді

ев қалалар мен елдімекендерді жылумен тұрақты қамту мәселелерін ерекше назарға алу, сондай-ақ, «Qarmet» АҚ кәсіпорнындағы өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттерін жүктеді.

Өңірлік даму – ұлт болашағының берік іргетасы. Облыста қолға алынған іргелі жобалар мен инвестициялық бастамалар ел экономикасының әлеуетін арттыруға зор үлес қосары сөзсіз. Мемлекет басшының тапсырмалары өңірдің әлеуметтік тұрақтылығын нығайтуға, өндіріс орындарындағы қауіпсіздік пен тиімділікті арттыруға, сондай-ақ, халықтың әл-ауқатын жаңа деңгейге көтеруге бағытталды. Алға қойылған маңызды міндеттер мен нақты жоспарлар – ертенгі табыстың, кемел келешектің айқын көрінісіндей.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• БҮГІН – «ORTALYQ QAZAQSTAN» ГАЗЕТІНІҢ ТУҒАН КҮНІ

Төре сөздің төрі сенсің, «Орталық!»

 **Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Газет алғаш рет XX ғасырдың бас шенінде жарық көріп, кеңес дәуірінің аласапыран уақыты мен егемендікке бет бұрған өтпелі кезеңдерде өңірдің айнасы бола білді. Әсілінде, жаңалық жаршысы ғана емес, сонымен қатар, ұлттық идеяны насихаттаған, қазақы рухты сақтаған, оқырманға ой салып, қоғамға бағыт берген құнды рухани алаң! Арқа алабының байырдан бергі өрнекті өмірі газет бетінен бірінші болып көрініс тапты. Аға басылым еңбек адамының жарықшактанған үнін естіртті. Ауылдың тыныс-тіршілігін тамыршыдай тап басты. Әуелден бүгінге дейін ұлт руханиятының шашақты шамшырағына айналды.



Коллаж жасаған Аруйлым Кокеева

Бүгінде «Ortalyq Qazaqstan» – Қарағанды облысының ақпараттық кеңістігінде сенімді серікке айналған бас басылым. Газет тек қағаз жүзінде ғана емес, онлайн форматта да өз оқырманын тауып, жаңаша тыныс алуа. Сандық трансформацияға сай бейімделіп, әлеуметтік желілер арқылы тың аудиторияны бауырына басып, баурап келеді. Газет журналистері – ізденістің адамы, әлеумет үнін дөп басатын сарапшы, шынайы дерекке сүйенген кәсіби маман. Олар үшін шындық – ең басты құндылық, ал, мәртебелі оқырман сенімі – ең биік марапат.

Алда – жаңа дәуір, тың міндеттер. Аласұрған ақпарат ағыны тасыған заманда шындықтың үні жиірек тұншығып, жарнама жаңғырығы ұрымтал ұранның шылауында кетіп жатқан тұста, «Ortalyq Qazaqstan» – уақыт керуенінің алдынан көлденең келген кертөбеліндей. «Орталық» – жаңалықтың жаршысы, алдапан ақиқаттың жоқшысы, өткеннің үні, болашақтың арқауы. Сапалы контентке сұраныс – қоғам санасының сергектігінің белгісі. Соның алғы шебінде тұрып, сертін терең сезінген ұнжария – шежірелі өлкенің шынайы тарихын ұрпақтан-ұрпаққа аманаттап келеді. Газет – бір күндік өмір емес. Қайта дәуір тылсымын зерделейтін, ұлт рухын уақыттың зерлі сандығында жоғалтпай, шашау шығармай сақтайтын қор. Және келер ұрпаққа қалатын мәйекті мұра. Мұраны сақтау редакцияны ғана емес, тұтас қоғамның борышы. Газетке жан бітіретін – оқырман. Оқырманмен

бірге газет те өмір сүреді. Себебі, әр мақаланың артында – адам тағдыры, әр жолдың астарында – ел тағдыры жатыр. Байырқалы басылымның туған күні – барша қарағандылықтар үшін ортақ қуаныш, мақтаныш күні. Ендеше, мереке құтты болсын, қасиетті қалам иелері! Төл басылымның мәртебесі биіктей берсін, ұлт рухын ұлықтаған ұлағаты жолы жалғасын тапсын!

Уа, қағазға қан мен терін қат-қабат сіндірген киелі сөздің шежіресі! Жалт еткен жалғанмен жарысып, тағдырмен тартысқан қасиетті ұнжария! Сен – халық жүрегінің дүрсілі, болмыс пен болашақтың бірлігісін. Сен – даланың жыры, бабалар аманаты, рухтың надандықтың қас кеудесіне тік шаншылған найзасысың! Қапас түнектен шындықтың шырағын жақпап, қаламын қылыш еткен, сөзін семсер еткен, журналистің жанқиярлық жолы – сенің жон арқаңда жазулы. Әр сөзін – қымбат жәдігер. Көк аспан қуа. Сен сүрінбедің, сен мүдірмедің. Ақиқатты ардақтап, халықтың үнін биікке көтердің! Туған күнімен, «Ortalyq Qazaqstan!».

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Делдалсыз сауда, қолжетімді баға

Қарағандыда ауыл мен қаланы жалғайтын, жергілікті өнімді делдалсыз сатуға мүмкіндік беретін жаңа әлеуметтік павильон жұмысын бастады. Енді қала тұрғындары сапалы, әрі бағасы қолжетімді азықтүлікті тікелей өндірушіден сатып алады. Бұл бастама облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес қолға алынып, қала әкімдігінің қолдауымен жүзеге асырылды. Әлеуметтік маңызы бар азықтүлікті тұрғындарға тиімді бағамен ұсыну арқылы жоба халықтың тұрмысын жеңілдетіп, ауыл шаруашылығы өндірушілеріне тұрақты өткізу нарығын қалыптастыруға жол ашады.



Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа павильон Шет ауданының фермерлеріне өз өнімдерін делдалсыз саудалауға мүмкіндік беріп отыр. Сауда орны Қарағанды қаласы, Сатыбалдин көшесі, 11/1 мекенжайында орналасқан. Күн сайын таңғы 10:00-ден кешкі 19:00-ге дейін жұмыс істейді.

Мұнда жылқы, сиыр, қой, құс еті, қымыз, ірімшік, қаймақ, құрт, май сынды ауыл шаруашылығы өнімдерімен қатар картоп, пияз, сәбіз, қырыққабат секілді көкөністер де сатылады. Сондай-ақ, «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы ұн, қант, құнбағыс майы, макарон және қарақұмық секілді бакалея өнімдері жеткізілуде.

Павильон алғашқы екі күннің өзінде-ақ тұрғындар тарапынан үлкен сұранысқа ие болды. Осы қысқа мерзім ішінде мұнда 3 тонна сиыр еті, 1,45 тонна қой еті, 400 келі картоп және 5550 дана жұмыртқа жеткізілген. Бұл көрсеткіштер жаңа нысанның қаншалықты қажет әрі тиімді екенін айқын аңғартады.

Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Дастан Құдабаевтың айтуынша, павильон өндірушілерге де, тұтынушыларға да қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

– Басты мақсатымыз – фермерлерге өнімін тікелей сатуына мүмкіндік беру. Олар тек тауарын әкеліп, сатумен айналысады. Ал, тұрғындар делдалсыз, сапалы әрі қолжетімді тауарды сатып алады, – деп атап өтті ол.

Қазіргі таңда өнім жеткізулі бір жауапкершілігі шектеулі серіктестік, бір ауыл шаруашылығы кооперативі және алты шаруа қожалығы жүзеге асырып отыр. Жалпы саны 20 шаруа қожалығы ет, сүт, көкөніс және қайта өңделген өнімдерін ұсынуға дайын екендіктерін білдірген.

Шет ауданы ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Ердос Әбішев әлеуметтік павильонның ашылуын маңызды оқиға ретінде бағалап отыр.

– Бұл – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге жаңа мүмкіндік, ал тұрғындар үшін – қолжетімді азықтүлік. Мұндай бастамалар өңірдің азықтүлік қауіпсіздігін нығайтуда шешуші

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан



• САЛТАНАТ

Ұстазға – ұлық құрмет

Қай уақытта да білім бастауы саналатын ұстаздар құрметке бөленіп, еңбегі ерекше ардақталып келеді. Соның жарқын мысалы – Қарағандыдағы Кеншілер мәдениет сарайында өткен «Ұстазыма алғыс» атты салтанатты іс-шара. 700-ге жуық білім саласының қызметкерлері мен педагогтердің басын қосқан салтанатты жиында ұстаздардың қоғамды дамытудағы ерекше ролі мен еңбегі, өлшеусіз үлесі атап өтілді. Сонымен қоса, білім саласында еңбегі сіңген тұлғалар төсбелгілер мен марапат иеленді. Мерейлі күні жаңа жеңістер мен жетістіктер, сондай-ақ ғасырлық тарихы бар білім беру ұйымдары және ұстаздық мамандыққа адал жандар зор мақтанышпен ұлықталды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Іс-шара өскелең ұрпақты тәрбиелеуге және оқытуға өмірін арнаған ұстаздарды ұлықтауды мақсат етті. Салтанатты жиынға педагогикалық еңбектің ардагерлері, аудандық және қалалық білім бөлімдерінің басшылары, білім беру ұйымдарының директорлары, аудандық және қалалық әдістемелік кабинеттердің меңгерушілері, мектеп пен колледж директорлары, әдіскерлер, педагогтер мен тәрбиешілер бас қосып, барлығы 700-ге жуық адам қатысты. Облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей ұстаздарды төл мерекесімен құттықтап, ұрпақ тәрбиелеудегі еңбектерінің елеулі екенін атап өтті.

– Мұғалімдер күні Қазақстанда ғана емес, әлемнің 100-ден аса елінде тойланады. Бұл мұғалімдердің еңбегі ғаламдық деңгейде бағаланатынын білдіреді. Қасым-Жомарт Кемелұлы айтқандай, ұлт болашағы – ұстаздардың қолында. Әділетті қоғам құратын адал, отаншыл, еңбеккор, білімді ұрпақты сіздер тәрбиелесіздер. Бұл ретте ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Мұғалім қандай болса – мектебі де сондай болмақ» деген сөзі еске түседі. Бұл сөздің қарағандылық мұғалімдерге тікелей қатысы бар. Өйткені, өңіріміздің ұстаздары кәсіби беделімен танылып, шәкірттерін биік жетістіктерге жеткізіп келеді. Биылғы олимпиадалардағы жетістік оның айқын дәлелі. 2024-2025 оқу жылында халықаралық және республикалық білім сайыстарында, шығармашылық және ғылыми байқауларда үздік оқушылар жалпы 182 медальді қанжығасына байлады. Осындай білімді, талантты жастарды тәрбиелеп өсірген ұстаздарға мың алғыс, – деді Әлібек Үсеңұлы.

Салтанатты шарада білім саласын дамытуға елеулі үлес қосқан ардагер ұстаздар мен еңбегі елген педагогтер ұлықталды. Мәселен, белсенді қайырымдылық қызметі мен мейірімділігі үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік «Шапағат» медалімен



Қарағанды қаласының «Нәзік» балабақшасының тәрбиешісі Ирина Қабылова марапатталды. Сонымен қоса, білім беру саласындағы ерекше еңбегі мен жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін педагогтер Оқу ағарту министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен және «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен және «Білім беру ісінің Құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталып, бірқатар ұстаздарға министрліктің Құрмет грамотасы берілді.

Сондай-ақ, білім беру саласын дамытуға елеулі үлес қосқан ұлағатты ұстаздарға жыл сайын Қарағанды облысы әкімінің гранты беріліп келеді. Биыл грант көлемі екі есеге ұлғайып, 3 миллион 145 мың теңгеге артты. Дәл осы облыс әкімінің гранты мен «Қарағанды облысының білім беру саласының Құрметті педагогі» төсбелгісі 50 жылдан астам қызмет еткен Рая Елеусізоваға, облыс мектептерін педагог кадрлармен қамтамасыз етуге зор үлесін қосқан Биғайша Манкеноваға, облыстық мәслихатының төрағасы Нұркен Кобжанов ұстаздарды кәсіби мерекесімен құттықтап, үздік олимпиадалық мектептерге ақшалай сертификат табыстады.



Орман алқабы ұлғаяды

Елімізде Мемлекет басшысының бастамасымен 2021-2027 жылдары аралығында 2 миллиард ағаш егу жоспарланған. Содан бері аймақта жыл сайын 300 гектар жерге ағаш егу дәстүрге айналды. Қоңыр күздің салқынына қарамастан қазірдің өзінде ауқымды жоба өңірде де өрісін кеңейтіп, көшет отырғызу жұмысы қарқын алды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы күзгі қоғалдандыру науқанына аймақта 296 гектар жерге 840 мыңнан астам көшет егу көзделген. Қызу жұмыстың қайнаған ошағын Шахтинск қаласының маңындағы алқаптан аңғара аламыз. Күздің қара суығына қарамастан, мұнда жоспар бойынша 161 гектар жерге 400 мыңнан астам көшет егілуде. Негізінен, ағаштың жергілікті климатқа төзімді қарағаш және үйеңкі тұқымдары таңдалған. Көшет

тұқымы Жаңа Долинкадағы орман тұқымбағында өсірілген. Қазіргі таңда онда 2,4 миллионнан астам көшет дайын тұр. Егіс жұмыстарының тәртібі де оңай емес. Алдымен «К-700» техникасы жерді екі мәрте жыртып, астын үстіне шығарады. Топырақ әбден қопсыған соң ғана орманшылар шыбықты сазды лайға малып, сол күйінде егеді. – Бұл тәсіл көшеттің тамыры кеуіп кетпеуі үшін қолданылады. Әрі жерге түскен жас шыбық қурамай, тез жерінеді. Күзгі қоғалдандыруға 40-тан астам орманшы,

алты трактор және қуатты «К-700» техникасы жұмылдырылған. Жұмысшылардың бірі жерді жыртыса, бірі көшет тасып, енді бірі егілген шыбықты түптейді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, ұжымның ұйым-бірлігінің арқасында жасыл желектің іргетасы қалануда, – дейді облыстық орман шаруашылығының бас орманшысы Дулат Жұмабеков. Алқапта механикаландырылған әдіс те қолданылады. Тракторға екі маман жайғасып, жүздеген көшетті бір мезетте егеді. Өңірде бұл бағыттағы тәжірибе

2024-2025 оқу жылындағы республикалық олимпиаданың қорытындысы бойынша Қарағанды облысының төрт мектебі «Үздік олимпиадалық мектептердің ТОП-100» қатарына енді. Аталған мектептерге жаңа үлгідегі кабинет сатып алу үшін 15 млн теңге көлеміндегі сертификат берілді. Бұл мектептер – №1 «Білім-инновация» лицей-интернаты, Н.Нұрмаков атындағы облыстық ММЛИ, №2 «Білім-инновация» лицей-интернаты және Қарағанды қаласы Қ.Сәтбаев атындағы гимназия.

Сонымен қоса, өңіріміздің айрықша мақтанышына айналған Шет ауданы Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейі «Үздік ауыл мектебі» атағына ие болды. Бұл абырой ауыл оқушыларына арналған республикалық олимпиадаларда топ жарған оқушылардың жетістіктеріне берілгені туралы газетімізге жазған болатынбыз. Бұл мектепте 135 мұғалім жұмыс атқарады, 1200 бала білім алуа.

Биыл өңіріміздегі төрт білім ордасы ғасырлық мерейтойын атап өтуде. Салтанатты жиында осы білім ордаларына да 15 млн теңге көлеміндегі сертификат табысталды. Олар – Бұқар жырау ауданының Ростов тірек мектебі (ресурстық орталық), Қарқаралы ауданының Қарағаш ауылының №28 негізгі орта мектебі, Қарқаралы ауданы Қызылту ауылындағы №13 негізгі орта мектебі және Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі.

100 жылдық тарихы бар Қарқаралы ауданының Қарағаш ауылының №28 негізгі орта мектебі 1924 жылы Қосман Қалиевтің үйінде екі кластық сауат ашу мектебі болып ашылған. Бүгінде бұл мектеп талай буынды түлетіп, ауыл жастарына сапалы білім мен тәрбие беруде.

Салтанатты шарада қазақ эстрадасының жарық жұлдыздары мен өңір өнерпаздары кештің шырайын келтіріп, ұстаздарға ерекше көңіл күй сыйлады.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



бұрыннан бар. Мәселен, 2023 жылы Қирзавод орманшылығында 90 мың қарағай көшеті егілсе, соның 90 пайызы жерісініп кеткен. Биылғы күзгі науқан нәтижесінде Қарағанды облысында барлығы 336 мыңнан астам тал-дарак егілмек. Ал, 2024-2027 жылдары аймақта 7 миллионға жуық ағаш егу көзделген. Бұл игі жұмыстар өңірдің орман алқабын ұлғайтып қана қоймай, экожүйені жақсартып, қалалардың тынысын кеңейтуге сеп болмақ.

• ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫНДА

Аймақ әлеуеті артып келеді

Облыстық мәслихаттың кезекті XXIX сессиясында депутаттар аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың атқарылған жұмыстары жөніндегі есеп беру баяндамасын тыңдап, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Жолдауында көрсетілген басым бағыттарды жүзеге асыру барысын талқылады. Сессия жұмысына облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов төрағалық етіп, әлеуметтік-экономикалық даму бойынша маусымдық қорытындылар шығарылды.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Президент тапсырмалары нақты іске асуда

Талқылау барысында жаңа жұмыс орындарын ашу, өндірістік, құрылыс және энергетика салаларында жаңа жобаларды іске қосу, туризмді дамыту, жоғары технологияларды енгізу және экономиканы цифрландыру мен жасанды интеллектті тиімді пайдалану мәселелері көтерілді.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың айтуынша, аймақтағы әлеуметтік-экономикалық даму тұрақты сипатқа ие. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік және құрылыс салаларындағы өсім айқын байқалуда. 2024 жылы жалпы өңірлік өнім көлемі 9 триллион теңгеден асқан. Аймақ бюджетіндегі негізгі үлес әдеттегідей әлеуметтік салаға, оның ішінде, денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік көмекке бағытталған.

Президент Жолдауында өңдеуші өнеркәсіпке ерекше екпін берілді. Бұл бағыт Қарағанды өңірінде нақты жүзеге асып жатыр. Қазіргі таңда өңдеуші өнеркәсіп жалпы өндірістің 76 пайызын құрайды. Бұл саланың тірегі – металлургия. «Qarmet» компаниясы болат өндірісін 6,9 пайызға, шойынды – 6 пайызға, ал «Kazakhmys Smelting» мыс өндіруді 7,7 пайызға арттырды. Машина жасау саласында 2025 жылдың 8 айында өндіріс көлемі 312,5 млрд теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 10,5 пайыз өсім көрсетті. Индустриялық аймақ құру арқылы Саран қаласы монокала мәртебесінен шығып, жаңа жұмыс орындары ашылды, экономика әртараптандырылды, – деді аймақ басшысы.

Ермағанбет Қабдулаұлының айтуынша, маусым айында облысқа Премьер-Министр Олжас Бектенов сапарлап келіп, жаңа өндірістерді дамыту бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға жоғары баға берген. Бұл тәжірибе басқа аймақтарда да қолданылатын болады.

Дерекке сүйенсек, биыл Қарағанды және Саран қалаларында үш шағын өнеркәсіптік аймақ іске қосылады. Теміртау мен Балқаш қалаларында «Qarmet» пен «Kazakhmys» компанияларымен бірлесіп, жаңа өндірістік алаңдар ашу жоспарлануда. 2025 жылдың 8 айында облыс экономикасына 644,7 млрд теңге инвестиция тартылып, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11,1 пайызға артып отыр.

2025 жылдың соңына дейін жалпы құны 29 жобаны іске қосып, 2 500 жаңа жұмыс орнын құру көзделіп отыр. Қазіргі таңда 20 жоба іске қосылып, 2 053 жұмыс орны ашылды. 2030 жылға дейін жалпы құны 4,5 трлн теңге болатын 120 жобаны жүзеге асыру арқылы 20 мың жұмыс орнын ашу жоспарланған, – деді аймақ басшысы.

Аймақ экономикасындағы шағын және орта бизнестің үлесі де артып келеді. Қазір бұл салада 235 мың адам еңбек етуде, бұл – кеншілер өлкесіндегі әр екінші жұмысшы. Биылдың өзінде депутаттардың қолдауымен облыстық бюджеттен шағын және орта бизнесті қолдауға 3,3 млрд теңге бөлінген. Субсидия, кепілдендіру, грант түріндегі қолдаулар арқасында кәсіпкерлердің табысы 14 пайызға артты.

Аймақтың ауыл шаруашылығы саласы да тұрақты даму үстінде. Атап айтсақ, ет өндірісі – 5,3 пайызға, сүт 1,8 пайызға өскен. Биылғы егіннен шамамен 970 мың тонна астық алу күтілуде. Бұл салада 31 жоба жүзеге аспақ. Соның нәтижесінде жүздеген жұмыс орны ашылады. Нұра мен Осакаров аудандарында салынып жатқан сүт-тауар фермалары өңірдің шикі сүтке деген сұранысын толық қамтамасыз етуге мүмкіндік

беретінін атап айту керек.

Агроөнеркәсіп кешенінде жеңілдетілген несиеге 11 млрд теңге қарастырылған. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 296 несие беру жоспарланыпты. Тамақ өнімдерін өндіруге бағытталған инвестиция көлемі үш есе өсті.

Сессияда тұрғын үй құрылысы, жолдарды жөндеу, ауылдық аймақтарды орталықтандырылған сумен қамту, инженерлік және газ тарту желілерін жаңарту мәселелері де назардан тыс қалмады. Мәслихат депутаттары мектеп, балабақша, аурухана, спорт нысандарының құрылысы мен жөндеуіне тұрақты бақылау жүргізуде.

Сапалы өмір – басты мақсат

Облыстық мәслихаттың құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және экология жөніндегі тұрақты комиссия мүшесі Мира Махатчина өңірдің су ресурстарын қорғау мәселесін көтерді. Оның пікірінше, климаттың өзгеру жағдайында суды ұтымды пайдалану, өзен-көл арналарын тазалау және тереңдету, тасқын және еріген суды жинау үшін арнайы инженерлік жүйелер қажет. Бұл жұмысты мектептен бастап, тұрмыста да, өндірісте де үнемдеу мәдениетін қалыптастырумен қатар жүргізу аса маңызды.



Ал, депутат Асқар Оразбеков жасанды интеллект пен цифрландыруды енгізу мәселесіне тоқталды. Оның айтуынша, ауылдық елдімекендерде интернет пен байланысқа қолжетімділік деңгейін көтеру керек.

Барлық қала мен аудан орталықтары байланыспен қамтылған, Қарағандыда 5G бар. Алайда, 342 ауылдың ішінде тек 144-інде ғана сымды интернет бар, 94 ауылда мүлде мобильді байланыс жоқ. Бұл – ауыл халқының жартысына жуығын қамтиды. Себептері – халық тығыздығының төмендігі мен операторлар үшін экономикалық тиім-



сіздік. Дегенмен, цифрлық байланыс – мемлекеттік қызметтерге, білім мен телемедициналық мүмкіндіктерге қол жеткізудің кілті екенін атап өту керек, – деді депутат.

Оның ұсыныстары қатарында шалғай ауылдарға интернет тартуға арналған субсидиялар, жол бойларына антенна-мачталық құрылымдар орнату, 5G желісін дамыту, спутниктік технологияларды енгізу бар. Фермерлерге арналған цифрлық платформа-ларға қолжетімділікті де кеңейту қажет.

Сонымен бірге, депутат Ермек Әбділдин азықтүлік бағасын тұрақтандыру мәселесіне тоқталып, тұрақтандыру өнімдерінің жеткізілуін және бағаны онлайн бақылауға мүмкіндік беретін арнайы цифрлық платформа құруды ұсынды. Одан бөлек, ауылдарда әлеуметтік павильондар санын арттырып, мобильді сауда автолавкаларын іске қосу арқылы азықтүлікке қолжетімділікті арттыру қажет екенін айтты.



Туризм саласындағы әлеуетке тоқталған депутат Серғазы Әдекенов Балқаш, Қарқаралы демалыс аймақтары мен Қарағанды қаласының іскерлік туризм орталығы ретіндегі маңызын атап өтті. Айтуынша, Абай, Бұқар жырау, Ақтоғай және Осакаров аудандары да табиғи байлықтарының арқасында болашағы бар бағыт ретінде танылған.

148 демалыс орны мен 26 жағажай тексеріліп, 60 санитарлық рұқсат берілді. Қарқаралы мен Абай аудандарындағы жолдар жөнделіп, «Қарағанды-Балқаш» бағыты бойынша пойыздар саны артты. Балқаш әуежайы қайта жаңғыртылып, Балқаш, Қарағанды және Қарқаралыда туристік орталықтар ашылды. Экотуризм, этнотуризм, агротуризм және өндірістік туризм бағыттары дами түсуде. «Балқаш Tourfest» фестивалі мен «Buguly Trail» марафоны мыңдаған адамды тартып отыр, – деді ол.

Сонымен бірге, Серғазы Әдекенов инфрақұрылымға қосымша қаржы бөлу, туристік полиция құру, инвесторларға жеңілдіктер беру сынды бастамаларды көтерді. Биыл салаға 22,6 млрд теңге инвестиция тартылып, ішкі туристер саны 448 мыңға, ал, шетелдік туристер 38 мыңға жетеді деп күтілуде. Бүгінде 2026-2028 жылдарға арналған жаңа Жол картасы әзірленіп жатқан көрінеді.



Сессия соңында облыстық бюджет нақтыланып, Қарағанды мен Балқаш қалаларындағы кәріз жүйелерін қайта жаңғырту жобаларына мемлекеттік бағалы қағаздар есебінен қаржы бөлу мақұлданды. Сонымен қатар, жалпы су пайдалану ережелері бекітіліп, депутаттық мандаттардан өз еркімен бас тартқан Аян Әбдікәрімов пен Ләззат Қожахметованың өкілеттілігін тоқтату туралы шешім қабылданды.

Сөз соңында аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев депутаттарға жемісті жұмыс үшін алғыс айтып, Мемлекет басшысы қойған барлық міндеттің толық орындалатынына сенім білдірді. Облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов бюджет қаражатын тиімді және ұтымды пайдалану – өкілетті және атқарушы билік органдарының басты міндеті екенін айрықша атап өтті.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• КЕҢЕС

Колледждегі келелі кездесу

Теміртау жоғары политехникалық колледжінде «Өңірдің болашағы: жұмысшы кәсіптер, білім беруді коммерцияландыру және әріптестік – тұрақты дамудың кілті» тақырыбында келелі кеңес өтті. Кеңеске облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей, аудан және қалалар әкімдерінің орынбасарлары, облыстың басқарма басшылары, өңірдегі техникалық және кәсіптік білім беретін колледждер директорлары, жұмыс берушілер қатысты.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оны ашқан сөзінде облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей:

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялағаны баршаңызға мәлім. Бұл – кәсіптік және техникалық білім беру саласын жаңғыртуға және жұмысшы мамандардың қоғамдағы беделін арттыруға арналған маңызды шешім. Ал бұған жетудің кілті – сапалы және қолжетімді, қазіргі заманғы техникалық және кәсіптік білім.

«Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында жыл бойы облысымызда түрлі іс-шаралар жүзеге асырылуда. Биыл 30 сәуірде сіздермен сараптамалық кездесу өткізіліп, онда бірқатар проблемалар көтеріліп, талқыланған болатын. Бұл кеңес соның заңды жалғасы, – деп, жиынға қатысушыларды биыл елімізде алғаш рет аталып өтіп отырған Техникалық және кәсіптік білім беру

зайн колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Дариға Бәшоваға берсе, Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хатымен Қарағанды тамақтандыру және қызмет көрсету колледжінің директоры Құралай Әбеннова, Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжінің директоры Қанат Мұсаханов, Болат Әбдікәрімов атындағы Нұра көпсалалы колледжінің директоры Сайран Сағымбеков, Қарағанды цифрлық технологиялар және дизайн колледжінің директоры Дмитрий Цай, Қарағанды құрылыс және техника колледжінің директоры Әсел Сапарова, Қарағанды технология және қызмет көрсету колледжінің директоры Меруерт Мамырова, Теміртау жоғары политехникалық колледжінің директоры Салтанат Ақбергенова, Қарағанды тау-кен индустриалдық колледжінің директоры Нұрлан Әбденов, Балқаш гуманитарлық-техникалық колледжінің директоры Ержан Смағұлов пен Қарағанды оқу-әдістемелік орталығының бөлім басшысы



күнімен құттықтады.

Жоғарыдағы кеңес тақырыбы бойынша облыстық білім басқармасының басшысы Дулат Жекебаев баяндама жасап, жарыссөзде Қарағанды облысы кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Әсем Жүнісбекова, Қарағанды тамақтандыру және қызмет көрсету колледжінің директоры Құралай Әбеннова, Қарағанды жоғары политехникалық колледжінің директоры Жанар Рахимова, Саран қаласындағы «Tengri Tymes» ЖШС HR менеджері Айнұр Байсейітова сөйледі.

Келесі кезекте облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей осы сала қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Еңбек Ері» төсбелгісін Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің арнайы пәндер оқытушысы Владимир Голевке табыстап, аталған министрліктің Алғыс хатын Теміртау жоғары политехникалық колледжі тарих пәнінің мұғалімі Сәния Дәрменова, Қарағанды технология және қызмет көрсету колледжі директорының орынбасары Баян Сәкенова, Қарағанды цифрлық технологиялар және ди-

Татьяна Нартованы марапаттады.

Ал, Қарағанды облысы кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов Қарағанды жоғары политехникалық колледжінің директоры Жанар Рахимова, Шахтинск технологиялық колледжінің директоры Әлия Сәттібаева мен Қарағанды тамақтандыру және қызмет көрсету колледжінің директоры Құралай Әбенноваға облыстық кәсіпкерлер палатасының Алғыс хаты мен сертификаттарын табыс етті.

Жұмыс беруші әріптестерден «Tengri Tymes» ЖШС HR менеджері Айнұр Байсейітова Алғыс хатпен Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің директоры Алма Темірболатованы, «Борусан Макина Казахстан» ЖШС Алғыс хатымен осы серіктестіктің өкілі Алексей Попков Қарағанды жоғары политехникалық колледжі директорының өндірістік оқыту жөніндегі орынбасары Александр Ковалев, «220 ВОЛБТ» ЖШС директоры Данияр Усабаев Қарағанды жоғары политехникалық колледжінің арнайы пәндер оқытушысы Кенже Алданышта Алғыс хатпен марапаттап, құрмет көрсетті.

Келелі кеңес соңынан марапатталғандар естелік суретке түсті.

ТЕМІРТАУ

Мұраты биік «Мұрагер»

Қарағанды қаласындағы «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының атағы қашан да асқақ. Мұнда білім алып жатқан дарынды оқушылар облыстың ғана емес, әлемдік аренада еліміздің атын шығарып жүр. Жыл сайын халықаралық байқаулардан жүлдемен оралады. Биыл мектеп командасының АҚШ-ға өткен халықаралық интеллектуалдық турнирде топ жаруы – зор жетістік болып отыр.

Жыл сайын оқушылар АҚШ-тың Вирджиния штаты, Ричмонд қаласындағы Collegiate School базасында өтетін «International Emerging Leaders Conference» халықаралық конференциясында бақ сынайды. Оқушылар Әбілқайыр Қалышев, Карина Халикова, Анеля Амантай және Нұрия Қылышпай ағылшын тілі мұғалімі Меруерт Өнерғалиқызының жетекшілігімен конференцияда лидерлік қасиеттерін көрсете білді. Бизнес, құқық, этика, экология, коммуникация және экономика салаларының танымал ғалымдарымен ой бөлісіп, жаңа білім мен практикалық дағдыларға ие болды.

«Мұрагер» командасының АҚШ-тың Нью-Гэмпшир штаты, Манчестер қаласында өткен жастарға арналған FIRST LEGO League халықаралық бағдарламасына қатысуы да маңызды жетістік болды. «RassLexx» атты мектеп командасы инженерлік тапсырмаларды орындап, роботтар жасап, өз зерттеу жобаларын таныстырды. Оқушылардың білімі, шығармашылығы мен қажырлы еңбегі арқасында команда беделді халықаралық жобада үшінші орынға ие болып, инженерлік дайындық пен зерттеу дағдыларының жоғары деңгейін көрсетті.

«Мұрагер» оқушыларының халықаралық жетістіктері Қазақстанның мықты интеллектуалдық әлеуетке ие екенін және әлемдік білім беру арасында лайықты орнын айқындап келеді.

Меруерт ҚАЗАНҒАПОВА,
«Мұрагер» ММЛП-дің
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі



Ұстаздарға арналған қосымша

• БӘРЕКЕЛДІ!

Талабына нұр жауған Татьяна

Күні кеше ғана қарағандылық ұстаз Татьяна Құдайбергенова ұзақ жылғы еңбегі еленіп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан «Ерен еңбегі үшін» медалін алып, мерейі тасыды. Ұлты – украин, бірақ жаны да, жүрегi де «қазақ» деп соғады. Отыз бес жыл болды, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі шәкірттерінің санасына сәуле құйып жүр.



Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Татьяна Сергеевнаның тілі қазақша шығыпты. Содан өзі де қазақ мектебінде оқуды армандайды. Қызылорда қаласындағы №179 қазақ орта мектебінің табалдырығын аттап, мектебінің «жұлдызына» айналып шыға

келеді. Оқу үлгерімі бойынша да үздік, қоғамдық іс-шараларға да белсенді қатысады. Қаршадайынан қазақ тілін сүйген ол өлеңге, жырға құмартып өседі. Кітап оқу сүйікті ісіне айналады. Осылайша, мектеп қабырғасында жүріп-ақ мұғалім болуды өмірлік мақсаты етеді. Әсіресе, сүйікті ұстаздары бастауыш сынып мұғалімі Бағымгүл Үсенға

лиева мен қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Малика Асамұратова осы бір мәртебелі мамандықты таңдауға үлесін қосып, жол көрсетіпті.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің, филология факультетінде мықты мамандар шоғырланғаны, жалпы дәуірлеп тұрғаны туралы ақпарат жер-жерге тарайды. Мұны естіп алған

жап-жас Татьяна қалайда осы оқу орнының студенті атануды ойлап, барын салады. Қызылордадан арман қуып Қарағандыға келген Татьяна Сергеевна осылайша, оқуға түсіп, есіміне сырттай қанық болып өскен елге белгілі ғалым-ұстаздардан тәлім алады.

Университет ұстаздары да жалындап тұрған украин қызының қазақ тіліне деген махаббатын, құрметін бірден сезініп, ықыласпен қабылдайды. Сол бір сәулелі сәттерін ұлағатты ұстаз былай есіне алады:

Қарағандыға келгенімде үлкен қорқыныш болды. Бірақ, ұстаз болу деген ұлы арғаным соның бәрін жеңе білді. Университет мұғалімдері алғашында аң-таң болғаны бар. Кәдімгі қазақ қыздарынан кем сөйлемейтінімді көріп, қолдау көрсетті. Әсіресе, қазақ тілі грамматикасынан сабақ берген Шапағат Жалмаханов әкемдей қамқорлық көрсетті. Ол кезде факультет деканының орынбасары еді. Сабақ беру методикасы, тіл стилистикасы, грамматикасы, тіл мәдениеті салалары бойынша білімімізді тереңдетті. Әр дәрісінде тәптіштеп түсіндіретін еді. Сол оқығанымыздың барлығы ұстаздық жолымызда кәдеге жарап келеді. Сөйтіп, сүйікті университетімізден тек мұғалім ғана емес, қазақ тілінің жанашыры әрі зерттеушісі болып шықтық, – дейді Татьяна.

Талапты Татьянаның Қарағандыға келген қадамы құт болып, Құдайбергендер әулетіне келін болады. Өмірлік жолдасы Сәбитпен жолығып, шаңырақ құрады. Қазір әулетінде өнегелі келін, аяулы жар, ардақты ана.

Университетті үздік бітірген

жас маманды әрі жас ғалымды кез келген мектеп құшақ жая қарсы алады емес пе? Осылайша еңбек жолын Қарағандыдағы №47 мектепте бастаған ол Абай ауданындағы №10 мектеп-гимназиясында, №14 мектеп-лицейінде шәкірттеріне білім береді. Одан соң өмірінің бір бөлшегіндей болған ғылым саласына да ойысуды ойластырып, Әділет министрлігінің Заңнама және құқықтық ақпарат институтында еңбек жолын жалғастырады. Содан соң Премьер-Министр Кеңсесінің лингвистика орталығында ұзақмерзімді іссапарда болып, қазақ тілі ғылымы жайлы кешенді жобалар әзірлеуге өз үлесін қосады.

Қазір Қарағандыдағы «Әділет» болашақ мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып, сабақ беріп жүр. Онымен қоса, аталған мектеп директорының оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары. Ғылымға баулыған шәкірттерінің алды ендігі беделді ұстазға айналып үлгерген.

Қазір де қазақ тілінің мәртебесін көтеру жолында ауқымды жұмыстар атқарып жүр. Ғылым мен білімді қатар ұштастырып жүрген ұлағатты ұстаздың ұстанымы да ұлы: Ана тілге құрмет – Алашқа құрмет!

Ағартушылық бағытта түрлі мақалалар мен жобалардың авторы, білікті педагог Татьяна Сергеевна Президент қолынан мәртебелі марапатты алғаннан соң сөз сойлеу рәсімінде Президентке мұғалімдердің мәртебесін көтеру ісіне қамқорлық пен қолдау көрсеткені үшін алғаусыз алғысын жеткізіпті.

Сурет akorda.kz сайтынан алынды

• ЖОБА

Мектеп дамуының өзегі

Еліміздің білім беру жүйесінде жаңа дәуір басталды. «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» жобасы – уақытша бастама емес, Қазақстанның болашағына бағытталған стратегиялық бағдар. Президенттің тапсырмасымен қолға алынған бастама педагогтер мен басқарушылардың кәсіби әлеуетін арттыруға, жаңа буын көшбасшыларын қалыптастыруға, білім беруді жаңғыртуға жол ашады. «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» жобасының қатысушысы ретінде жоба туралы аз-кем ой бөліспекпін.



Кадрлық резерв құру – әлемдік тәжірибеде кең қолданылатын тәсіл. Ол басқарушылық сабақтастықты қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар, кадр тапшылығын азайтады және стратегиялық міндеттерді орындайтын кәсіби мамандарды даярлауға мүмкіндік береді.

Жобаның басты идеясы – заманауи мектепті басқаруда жаңа көзқарас қалыптастыру. Қазіргі таңда білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілетті болуы тек материалдық базаға немесе бағдарламаларға емес, ең алдымен, сол ұйымды басқаратын көшбасшыға байланысты. Жаңашыл ойы бар, команда құрып, өзгерістерді батыл жүзеге асыратын, заманауи технологияны меңгерген және ұстаздар мен оқушыларға сенім ұялата білетін басшы – мектеп табысының кепілі.

Жоба барысында арнайы «Өзгеріс көшбасшылары: заманауи мектепті басқаруға жаңаша көзқарас» атты курс бағдарламасы әзірленді. Ол үш деңгей бойынша ұйымдастырылды. Алғашқы базалық деңгейде көшбасшылықтың негіздері үйретіледі. Мұнда ХХІ ғасырдың білім беру трендтері, педагогтің көшбасшылық психологиясы, құндылыққа негізделген білім беру, мектепті өзгерістер жағдайында басқарудың алғашқы қадамдары секілді тың тақырыптар қамтылды. Ал ілгері деңгейде басқарушылық тәжірибе тереңдете оқытылса, кәсіби деңгей болашақ басшыға стратегиялық ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталады. Бұл кезеңде ұйымды стратегиялық жоспарлау, қаржылық сауаттылық пен тәуекел-менеджмент, мектеп мәдениетін қалыптастыру және дамыту, тиімді

коммуникация мен қоғаммен байланыс орнату оқытылады.

Бағдарламада теория мен тәжірибе үйлесіп, тыңдаушылар нақты кейстерді шешу арқылы көшбасшылықтың жаңа үлгісін игереді. Жобаға Қарағанды облысының педагогтері белсенді қатысты. Іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша қатысуға 106 үміткер тіркелген. Алғашқы тесттен 48-і өтті. Әрбір деңгейде қатысушылар саны азайып, шыны мықтылар іріктелді. Кәсіби деңгейде – 12 үміткер, қала бойынша 5 үміткер келесі кезеңге өтті. Бұл – өңір ұстаздарының кәсіби әлеуетінің жоғары екенін дәлелдейтін айқын көрсеткіш.

Біз үшін алдағы маңызды кезең – әңгімелесу. Мұнда білімі мен көшбасшылық қасиетін шыңдаған қатысушылар үшін облыстың ғана емес, еліміздің білім беру жүйесінің беделін арттыру міндеті тұр. Барлық кезеңнен өтіп, жеңімпаз атанған қатысушыларға екі жылға жарамды сертификат беріледі. Содан соң мектептердегі директорлықтың бос лауазымына тағайындалады.

«Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» – еліміздің білім саласына жаңа серпін беретін ұлттық бастама. Бұл жоба ұстаз мәртебесін көтеріп қана қоймай, білім беру ұйымдарының беделін көтеруге, жаңа басқарушылық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған.

Кез келген елдің болашағы – білімді ұрпақ қолында. Ал оларды тәрбиелеу – нағыз көшбасшы ұстаздардың мақсат-міндеті. Бұл жоба – ұстаздарға сенім білдірудің және жаңа мүмкіндіктерге жол ашудың айқын көрінісі. Білім берудегі өзгерістің қозғаушы күші – осы мың көшбасшы болмақ.

Дана ӨМІРБАЕВА,
Мағжан Жұмабаев атындағы гимназия директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

СУРЕТТЕ: Жобаның 2024 жылғы жеңімпаздары

• БАЙҚАУ

Қарапайым картонмен келген жеңіс

Қарағанды қаласы Оқушылар сарайындағы «Кәусар» STEM-зертханасының педагогі Наталья Колчева «Science on Stage Kazakhstan 2025» республикалық байқауының жеңімпазы атанып, қазақстандық жеті үздік ұстаздың қатарынан табылды. Байқауға қарапайым әрі қызықты жоба ұсынған ұстаз республикалық іріктеуден өтіп, халықаралық Science on Stage Europe фестивалінде ел намысын қорғайды.



Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Наталья Колчеваның жобасы «Лэпбуктер» деп аталады. Бұл – матамен қапталып, қанық түстермен әрленген үлкен форматтағы картон «кітаптар». Мұнда белгілі бір тақырыптарға арналған ақпараттық материалдар, тапсырмалар мен жаттығулар салынған қалташалар, дорбашалар мен қыстырмалар бар.

Бәрі үйімде жиналып қалған тұрмыстық техниканың картон қораптарынан басталды. Оларды жай ғана тастауға қимай, пайдаға жаратқым келді. Осылайша лэпбук жасау идеясы пайда болды. Ағылшын тілінен аударғанда лэпбук «тіздедегі кітап» дегенді білдіреді. Біз балалармен бірге оларды бояп, киып, матамен қаптап, қалташалар тіктік. Ақпарат пен тапсырмалар жазылған карточкалар әзірледік. Нәтижесінде жаңа тақырыптарды меңгеріп, білім мен дағдыларды бекітуге арналған тамаша құрал шықты, – дейді Наталья Колчева.

Мұндай лэпбуктер STEAM-форматтағы оқытуға жатады. Бұл тәсіл ғылым, техника,

инженерия, өнер және математика секілді бес бағытты қамтиды. Педагогтің айтуынша, материалдардың шектеулі болуы балалардың шығармашылық ойлауын дамытып, қиялын ұштайды.

«Science on Stage Kazakhstan» байқауында жобаларды бағалаудың басты талабы – кез келген елдің мектептерінде, тіпті, ең қарапайым ауылдық білім ошағында да оны жүзеге асыру мүмкіндігінде. Қарапайымдылығы әрі қолжетімділігі ескерілді, байқауда қымбат жабдықты немесе заманауи 3D-принтерді қажет ететін жобалар іріктеуден өтпей қалды. Өйткені мұндай жағдай барлық жерде жасала бермейді, – делі ол.

Қазір Наталья 2026 жылдың мамыр айында Литваның Клайпеда қаласында өтетін халықаралық Science on Stage Europe фестиваліне дайындалуда. Мұнда әр елдің үздік ұстаздары өз жобаларын ұсынып, шетелдік әріптестерімен тәжірибе алмасады. Фестивальда жеңімпаздар мен жеңілгендер болмайды. Басты мақсат – білім саласындағы тәжірибені бөлісу және STEM мен STEAM стандарттарын түрлі елдердің оқу жүйесіне енгізу.

• КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ

Мамандыққа мектептен баулиды

Қазіргі мұғалім пәнді оқытушы ғана емес, ол цифрлы ортада бағдар көрсете білетін кеңесші, оқушының қабілетін ашатын бағыттаушы, жаңа технологияны меңгерген тұлға болуы тиіс. Әдетте жоғары оқу орындарында теорияға көбірек көңіл бөлінеді. Ал, мектеп қабырғасынан бастап, тәжірибелік дайындықтан өткен оқушы кәсіби жолында әлдеқайда сенімді болады. Теория – білімнің іргетасы болса, тәжірибе – сол білімді өмірде қолданудың кілті. Міне, осыны ескерген Жамбыл Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясы болашақ ұстаз болуды армандайтын оқушылар үшін ерекше мүмкіндік ұсынып отыр.



Мектепте бірнеше жылдан бері «Педагогикалық сынып оқушыларына арналған цифрлы қоғамдағы кәсіби бейімдеу» атты үйірме жұмыс істейді. Бұл үйірмеге 9-11 сынып оқушылары қатысады, аптасына екі рет өткізіледі. Үйірменің мақсаты – оқушыларды ЖОО-дағы білімге бейімдеу, мектептегі педагогикалық үдерістен хабардар ету, ұстаздық кәсіптің қыр-сырын тәжірибе арқылы үйрету.

Үйірмеде оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, кәсіби қы-

зығушылығын арттыратын сабақтар өткізіледі. Мысалы, «Мұғалім мамандығының болашағы», «10 жылдан кейінгі мұғалім қандай болады?», «Цифрлы қоғам деген не?», «Жасанды интеллекттің қоғамдағы рөлі» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылады. Сондай-ақ, ChatGPT, Copilot сияқты құралдармен танысу, оларды сабақта қолдану тәсілдері, «XXI ғасыр дағдылары (4Қ)» бойынша шығармашылық постер жасау, Padlet платформасында ортақ

ой бөлісу, «Менің цифрлы портретім» атты жоба дайындау секілді тәжірибелік жұмыстар жасайды. Оқушылар үйірмеде рөлдік ойындар ойнайды және тренингтер өткізеді.

Бұл сабақтар оқушыларға білім беріп қана қоймай, оларды шығармашылыққа жетелеп, топпен жұмыс жасауға үйретеді, заманауи құралдарды еркін қолдануға дағдыландырады.

Әлемдік білім беру жүйесі жасанды интеллект, цифрлық

технологиялар, дербестендірілген оқыту сияқты бағыттарға бет бұрды. Қазақстан да осы өзгерістерге икемделуде, мазмұндық жаңару, цифрлық трансформация, құзыреттілікке негізделген оқыту басты бағытқа айналды. Мұндай жағдайда болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығын ерте бастау – аса маңызды.

Бұл үйірмеге қатысқан оқушылар болашақта педагогикалық мамандықты таңдауға ықпалас білдіріп отыр. Оқушылардың қызығушылығы жоғары болғандықтан, үйірме жыл сайын жалғасып келеді. Бұл – мектеп үшін үлкен жетістік әрі жаңашыл қадам.

Қазіргі цифрлы қоғам жағдайында ұстаз даярлау жүйесі түбегейлі өзгеріске ұшырауда. Мұғалім тек оқытушы ғана емес, технологияны меңгерген, креативті, эмоционалды интеллекті дамыған, қоғам сұранысына сай тұлға болуы қажет.

Жамбыл Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясының тәжірибесі – осы бағыттағы сәтті үлгілердің бірі. «Кәсіби бейімдеу» үйірмесі оқушыларды болашақ мамандығына ерте бейімдеп қана қоймай, олардың өмірлік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қоса, болашақ мұғалімдерді мектептен бастап даярлаудың тиімді жолы әрі Қазақстандағы білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеруге үлес қосады.

Айгерім БӨЛКЕНБАЕВА,
Жамбыл Ақылбаев атындағы мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шет ауданы
Сурет автордан

• МАРАПАТ

Ұстазды ұлықтады

Мұғалім күні мерекесі қарсаңында Нұра ауданына қарасты Тассуат ауылындағы академик Кәрім Мынбаев есімін иеленген орта мектепте Зәуреш Мұстафақызы Омарованың атындағы оқу сыныбы ашылды.



Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalıq Qazaqstan»

Бүкіл еңбек жолын ұстаздыққа арнаған З.Омарова осы мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып үздіксіз қызмет

жасады. Зәуреш Мұстафақызын тассуаттық тұрғындардың бірнеше буыны жақсы біледі. Оның ашық сабақтарына сан мәрте қатысқан аудандық білім бөлімінің басшылары мен мамандары пәнді

жетік білуін, жоғары педагогикалық ұстанымы мен өте мықты принципшілдігін атап көрсететін. Оқушылары оны «жүрегі мейірімді қатал мұғалім» деп атайтын еді. Ол талай шәкіртінің тағдырын

педагогикамен байланыстыруына ықпал жасап, үлгі-өнеге көрсетті. Оның барлық ғұмыры балаларға, мектепке және отбасына арналды. Керемет ана, қамқор әже бола жүріп тәлімгер ұстаздық парызын адал атқарды.

Жұбайы, дәрігер Көшкінбай Омаров екеуі Тассуат ауылына (ол кезде Индустриальный аталған) жас маман болып келген еді. Олардың барлық өмірі осында, сүттей ұйыған көрші-қолаңның ортасында өтті. Көшкінбай мен Зәурештің тату отбасында үш бала мен немере тәрбиеленді.

Академик Кәрім Мынбаев есімін иеленген орта мектепте Зәуреш Мұстафақызы Омарованың атындағы оқу сыныбы ашылуы мекеме мен ауыл және Омаровтар әулеті үшін мәні үлкен оқиға болды. Енді тамаша педагогтың есімі мектеп тарихына мәңгілікке жазылды.

Сурет кейінкердің жеке мұраатанан

СУРЕТТЕ: Академик Кәрім Мынбаев есімін иеленген орта мектепте аты берілген ұстаз Зәуреш Омарова.

• ПРОБЛЕМА. ПІКІР. ҰСЫНЫС

Оқушы білімін бағалаудағы басымдық

Мінсіз мұғалім ерекше білім беруді қажет ететін оқушымен де, тәртібі нашар, үлгерімі төмен оқушымен де жоғары көрсеткішке жете алатын маман болуы керек деп ойлайтынмын. Ал, шын мәнінде мінсіз мұғалім барлық оқушыны жақсы көруі керек екен. Расымен де, баланы табиғатымен қоса қабылдап, қателіктеріне құрметпен қарап, жеке дағдысы мен білімін дамытып, бағдар беру үшін ең әуелі махаббат керек.



Баланы тәрбиелеу үшін тек өз тәжірибемізді қолданудың мардымсыз екенін Мағжан Жұмабаев та айтқан. Сондықтан, бала тәрбиесіне келгенде өмір бойы білім алу маңызды.

Ескендір Бестайдың подкастын тыңдап, мамандығымның жаңа қырын, сабағымның қалтарыста қалған тұстарын байқадым. Нақтырақ айтсақ, оқушының жеке шекарасын бұзбай оқыту, қателесуге рұқсат беру қажет. Мәселен, сабақ үстінде тапсырманы жазбаған балаға айтылатын сөз де, қарым-қатынас та бұрынғыдай болмау керек. Осы жерде біз зер салып қарайтын бір жайт бар: «Не айтатынымыз – білім, қалай айтатынымыз – қабілет, айту-айтпау жағы – даналық». Иә, біз оқыған кітаптар бойынша қатені анықтау үшін айтуымыз керек. Ал қалай, қай жерде айту керектігі үлкенге де, кішіге де маңызды дағды.

Қазір, меніңше, білім емес, дағды көп рөл ойнайды. Оқушының сұрай алуы. Түсінбеген тақырыпты, қызықты дүниесін, тіптен айтқанда коммуникация құралы. Педагог үшін оқушының «Қалай жасаймын?» деген сұрағы қымбат тұрады. Үлкендердің де қолдауы керек, бала «Мен мынаны жасаймын!» дегенде, қолдау көрсетіп, дұрыс бағытқа жол сілтеу керек. Бала жұмысын орындады делік, біз баға береміз. Қалай береміз? Әуелі талпынысыңды құрметтеймін деу керек. Қателіктері болса, тек жақсы жағын, осы тұстары дұрыс деп айту, ал дұрыс жасамаса, осылай жасағаның дұрыс деуіміз қажет.

Біз оқушыға өз қатесін анықтауға рұқсат береміз бе? Эдгар Дейлдің «CONE of

Experitnce» оқығанда 10% есте сақталады, өзі айтып талқылау, өзі жасап көру 90% деген. Біз бұған оқушы өз қатесін өзі анықтай алуын қоссақ, ақпарат миға жақсы бекітін еді.

Қазіргі оқушылар мектепке 5 деген баға алу үшін немесе 2 алмау үшін келеді. Яғни, бағаға оқиды. Сабақ үстінде тапсырма жазған оқушы рефлексияда «Не сезіндің?» деген сұраққа бәрін ысырып, тек бес алғанына қуанғанын айтады. Осы жерде «Бұл пәнді не үшін оқимыз?» деген сұрақ туады. Бұл сұраққа мұғалім ғана емес, ата-ана да ойлануы керек.

Оқушының эмоционалды интеллектісін дамытудың маңызы бар. Сабақ басында «Бүгінгі күннің қуанышы қандай?» деп сұрағанда оқушының бір рет болсын айтқан кері байланысы мұғалімнің есінде қалып, сонымен жұмыс істеу қажеттігі білінеді.

Қай жерде болмасын ойын айтып, өзіне не керекін таңдай білетін оқушы болса, соның өзі жетістік. Мұғалім өз сабағында жауапкершілікті сезінудің маңызын оқушыға үйретсе, оқушы өзінікін тексеріп, мында қателесіппін деп қайта сұраса ұстаз үшін бұдан асқан бақыт бар ма? Ұстаз қызметінің шыңы немен өлшенеді? Меніңше, кәсіби біліктілік, машық, құзыреттілік арқылы бір оқушының болса да, оқығанын саралап, өз жетістігін байқап, қабілетін шыңдай алса, ұстаз бақыты сол болмақ.

Сая ЕСМАХАН,
№12 ЖОББ мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

БАЛҚАШ
Сурет автордан

• «БҰҚАРЕКЕҢ ЖЫРЛАЙДЫ...»

Жас дарындар жыр төкті

Бұқар жырау ауданы Ботақара кентінде XVII дәстүрлі «Бұқарекең жырлайды» атты байқау өтіп, ұлт руханиятының асыл қазынасына айналған Бұқар жырау толғаулары қайта жаңғырды. Жас өнерпаздардың көмеіінен жыр төгіліп, домбырамен толғау айтты. Ауданның дәстүрге айналған байқауына биыл 60-тан астам қатысушы жиналды.

Дәстүрлі байқауға мектеп оқушылары, студенттер, ұстаздар мен жас ақындар қатысты. Ең кішкентай қатысушының жасы – 8 жас.

Байқаудың негізгі мақсаты – Бұқар жырау Қалқаманұлының мол рухани мұрасын кеңінен насихаттау, халық өнерінің сарқылмас дәстүрін дәріптеу, жас буынды ұлттық құндылықтарға баулу және мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту.

Жарыс «Жыршы-жыраулар сайысы», «Бұқар жырауша», «Бұқар жырау оқулары» және «Әлемді түгел көрседі» атты төрт аталымда ұйымдастырылды. Әр аталым талабына сай оқушылар

жыраулар үлгісінде жыр жазды, Бұқар жыраудың толғауларын нақышына келтіріп мәнерлеп оқыды. Өзге ұлт өкілдері қазақ және орыс тілдерінде Бұқар жырау жырларын жатқа айтты. Сондай-ақ, қатысушылар ұлттық поэзияның үнімен үндес өз туындыларын да көпшілікке паш етті.

Шара соңында барлық өнерпаздарға Алғыс хат пен естелік сыйлықтар табысталды. Ал дара шапқан үздік жеңімпаздар арнайы диплом беріліп, ақшалай сертификаттар ие болды.

«Бұқар жырау оқулары» аталымында бас жүлде – 50 мың теңге көлеміндегі сыйлық Ақбел ауылының оқушысы Асылжан

Көшеғұловаға бұйырды. Оның жетекшісі – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жасұлан Хамитов.

Бұқар жырау ауданына қарасты Сарыарқа ауылдық мәдениет үйінің жанынан құрылған «Руханият» қосымша білім беру орталығының «Жыршы-жырау (айтыс) сыныбының оқушылары да байқауда бой көрсетті, әрқайсысы әр аталымда жеңімпаз атанды. Мәселен, Влада Бугинова «Әлемді түгел көрседі» аталымында жыраудың толғауын мәнерлеп оқып, екінші орын алып, ақшалай 20 мың теңгеге ие болды.

Ал «Жыршы-жыраулар сайы-



сында» жыр-толғауларды мақамға салып орындаған оқушыларымыз да үздік деп танылып, жеңімпаз атанды. Абдолла Сардар бірінші орынды қанжығалады. Алан Нұрлан жүлделі үшінші орынға қол жеткізді. Жұлдегерлер Алғыс

хатпен марапатталып, ақшалай сертификатқа ие болды.

Ұлт руханиятының асыл қазынасына айналған Бұқар жырау толғаулары халықпен бірге мәңгі жасай бермек. Ал оның толғауларын санаға тоқитын, жыр айтатын

оқушыларымыздың биіктен көріне беруіне тілектестік білдіремін.

Нұрбала АСЫЛБЕКОВА,
Сарыарқа ауылдық Мәдениет үйінің меңгерушісі

Бұқар жырау ауданы

• ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ...

Ел ағасы

Никанбай Омарханов. Үш бірдей іргелі ауданды басқарып, ел аузында «мықты әкім» атанған қайраткердің бұл есімін қайма-на қазақ таниды. Аудандардың әлеуетін арттырып, ауылдарға өркениет сыйлаған, агросалаға серпін берген басшыны, әрине, халық қадірлейді. Еселі еңбегімен, көшелі көшбасшылығымен елдің аузында жүрген Никанбай Иманғалиұлы мерейлі жетпіс жасқа қадам басты. Майталман маман. Білікті басшы. Қайраткер тұлға.

Қасымхан БҰРҚИТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарқаралының ол кездегі атакты бөлімшесі Аққора ауылындағылар Никанбай Иманғалиұлын «Ақсақ кемпірдің еркесі» деп атап кеткен. Расымен де, асыл әжесі бала Никанбайды аркалап өсіріпті. Әжесінің арқасында ержеткен балдырған бала күні ертең елдің аманатын аркалап, абыроймен атқарып шығатынын білмеген ол кезде.

Никанбай Омарханов мемлекеттік қызметке «өкстен» түскен жоқ. Ауылдың бейнетін көрді. Мал бағып, қой қырып, трактормен шөп шауып жүріп, қып-қызыл еңбектің қадірін түсініп, майталман маманға айналды.

Бала кезінен техника жөндеу шеберханасы, автогаражға барып, техникаларды қызықтап, токарь, дәнекерлеуші, электр, ұста цехтарын аралап жүріп, мамандарға қолғабыс етеді. Сол кезден-ақ техника маманы болуды армандайды. Оқушылар бригадасына қабылданып, совхоздың жазғы науқандық жұмыстарына араласады. Осылайша еңбекке ерте келгенінің арқасында қалыптасқан еңбекқорлығы кейін басшылық қызметте ең үлкен тірегі болады.

Мектеп бітіре сала Целиноградтың ауыл шаруашылық институтына инженерлік мамандыққа құжат өткізіп, екінші емтиханын тапсырған соң, бұрын-соңды ірі қаланы көрмеген ол әжесін, ауылын аңсап, «емтиханнан құлады» деген сылтаумен қайтып кетеді.

Ауылға барып, трактор мініп,

шөп шауып, одан кейін дәнекерлеушінің көмекшісі болып еңбек етіп, 4 разряд газэлектр дәнекерлеуші мамандығын меңгеріп алады. Ауылдың қысы-жазғы бейнетін көріп, көп ойланып, қайта институтқа түсу керек деп шешім қабылдайды. Ауыл шаруашылығын электрлендіру факультетінің студенті атанып, үздік дипломен бітіріп шығады. Сол кездегі институт ректоры Моисей Гендельман мен деканы Олег Кисель талапты баланы институтта қалдыруға бұйрық шығарып, әрі қарай аспирантураға жолдама алады. Алайда, әжесі ректордың бұйрығын бұздырып, ауылға қайтарады.

Қатардағы инженер қызметіне орналасып, «Бесоба» совхозының партком хатшысы, совхоз директоры, автобаза директоры, «Матақ» корпорациясының президенті, аудандық ауыл шаруашылық бөлімі басшысының орынбасары, үш бірдей ауданның әкімі болып қызметтер атқарады. Мемлекеттік қызметтің қазанында қайнаған, қызу тіршіліктің бел ортасында жүрген Никанбай Иманғалиұлы осылайша қырық жылдан аса уақытын ауылды көтеруге сарп етті.

Никанбай Омарханов әкімдік қызметіне кіркен кезең 2000 жылдардың басы еді. Күрделі кезең. Қаржы жоқ, еңбекақы мен зейнетақы, жәрдемақы үлестіруде береке жоқ. Ауылдар айлап жарықсыз қалған уақыт. Мектеп, балабақша, клуб пен емханалардың жеке қолға өтіп кеткен тұсы. Осындай қиындықтар Никанбай Иманғалиұлы секілді еңбегі адал жандардың арқасында еңсерілді.

Қарқаралыда әкім боп тұрған тұстағы мына бір ісіне ел әлі күнге дейін риза: Қарқаралының қара орманындағы ұрлықты бір жарым жыл уақыт арпаласып жүріп тыйған.

Онымен қоса, ауылдарға орталықтандырылған ауыз су жүйесін тартады. Қарқаралыда салынған аудандық замануи аурухана да Никанбай әкімнің кезінде бой көтерді. Ол туралы оқып отырған газетіңізге «Қарағандыда жоқ аурухана Қарқаралыда салынды» деген тақырыппен мақала да шығыпты. Кезінде жекешеленіп тонауға түсіп, құлап қалған аудандық кәсіптік техникалық училище орнына жаңадан техникалық колледж салғанына да ел-жұрт ырза.

Ақтоғай ауданында әкім боп тұрған тұста облыста бірінші болып спорт сарайын салғызды. Қарқаралы, Ақтоғай, Нұра аудандарының орталығына 150 шақырымнан астам көше жарықтарын орнатып, қоғамдық қауіпсіздікке, елге қолайлы өмір сүруге жағдай жасаған да «алді әкім» еді. Әсіресе, сол кездегі қаржы тапшылығына қарамастан, 10 жылдай электр желісі тоналып кетіп, жарықсыз отырған Егіндібұлақ өңіріндегі 17 ауылға ток тартып бергені ел аузынан күні бүгінге дейін түскен емес. Ауылдарға жана мектеп, балабақша, емхана, көпір салып, тозған клубтарға күрделі жөндеу жасап, елдімекендердің еңсесін тіктеуге бар күш-жігерін жұмсады.

Үш аудандағы 67 ауыл әкімі мен 30-дан аса аудан бөлімдерін жаппай қызметтік көлікпен қамтамасыз еткені де аудандағы көп жұмысқа, қыстағы боран, жауын-шашын, көктемдегі су тасқыны, жаз-күздегі дала өртіне тосқауыл болуға, қылмыстық істерді ашуға көп септігін тигізгені және рас-ты.

Елдің мәдени-рухани еңсесін көтеруге де еңбек сіңіре білді. Қарқаралының дәл ортасында Мәди Бәлиұлының 125 жылдық мерейтойында ақын атылған



жерге еңселі ескерткіш қойды. Қарқаралы қаласының 180 жылдығында Астанадағы Бәйтерек монументінің көшірмесін ең бірінші болып орнатқызады. Ол идеяны сол кезде 5 сыныпта оқитын ұлы Бахтияр ұсыныпты. Іссапармен Астанаға барғанында ұлымен бірге Бәйтерек биігіне шығыпты. Содан ұлы тамсанып тұрып, «Әке, Қарқаралыға Бәйтерек неге салмайсың?» дегенінде, баласын бауырына басып, қуанған көрінеді. Міне, сол 18 метрлік монумент қазір қарқаралылықтардың сүйікті демалыс орны.

Киевка атауын Нұра деп ауыстыруға, 114 көше мен 10-нан аса ауыл атын қазақшалап, 33 мектепке қазақ зиялыларының есімін беруге ықпал еткені де тарихи іс еді.

Мемлекет және қоғам қайраткері, ұлы саясаткер Дінмұхамед Қонаевтың: «Негізінде, айналада өзіңе табынушыларды емес, идея беретін ақыл-парасат иелерін жинау керек», деген сөзі бар. Никанбай Иманғалиұлы осы қағиданы қызмет бабында басты ұстаным етті. Ол білікті басшы ғана емес, қарамағындағы мамандарға ұстаз да бола білді.

– «Работаем коллективно –

ответственность персональная» деп үнемі айтып отырамын. Соның арқасында жанымда болған азаматтарым да білімді, білікті, адал болды. Кейіннен аудан, қала әкімдері, басқарма басшылары деңгейіне көтерілді, мен ізбасар азаматтарыммен мақтанып отырамын, – дейді Никанбай ағаның өзі.

Жарты ғасыр ат үстінде жүрген Никанбай аға құрметті еңбек демалысына шыкса да, елдік мәселенің бел ортасында жүр. Облыстық қоғамдық кеңестің мүшесі және ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша комиссияның төрағасы. «Ауыл» партиясы өңірлік филиал төрағасының орынбасары ретінде де еңбек сіңіріп жүр. Мектеп оқушылары, студенттермен кездесіп, өзінің өнегелі жолынан сыр шертіп, дәріс оқиды. Әлі де бабында. Әлеуметтік желіде де белсенді. Қоғамдық мәселелерді сол жерде де өткір көтеріп, оңды шешімін табуға үлесін қосып жүр.

Никанбай Иманғалиұлы саламатты өмір салтын өміріне ертеден енгізген. Күніне 5 шақырым жаяу жүреді. Онымен қоса, газет-журнал, кітап оқу – күн-

делікті үрдісі. Ал қазір өзі де жазу үстінде. «Өмір өткелдері» деген ғұмырнамалық кітап жазып жатыр.

Аяулы жары Гүлнәр Мағауияқызы – бастауыш сынып мұғалімі. Асыл азаматының көңіліне кірбің, жейдесінің жағасына кір түсірмей, қайраткер атануына айтарлықтай жағдай жасаған Гүлнәр женгеміздің де еңбегі бар. Тәубе дейміз, екеуі балаларының бақытын, немерелерінің қызығын тамашалап, шаттықты ғұмыр кешуде. Ұлы Бахтияр да әкесі секілді үнемі қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге өзінің азаматтық үнін қосып жүреді. Ал қыздары Самал сот саласында.

Тұңғыш қыздары Самал – туа сала әжесін әлемдік жүлдыз қылған перзент. 1980 жыл. Мәскеу олимпиадасына көрермен болып барған Никанбай аға 100 мың адамдық Лужники стадионында жеңіл атлетика ойындарын тамашалап отырады. Содан стадионды ду еткізіп, «Күн сәулелі Қазақстанның Қарағанды қаласынан келген қонағымыз Никан Омархановты нәрестелі болуымен құттықтаймыз! Баласын Олимпиада чемпионы Нелли Кимнің құрметіне Нелли деп атады», деп үш қайтара сүйіншілі хабар тарайды. Содан сол жердегі әлемнің барлық теледидарынан алғаш әке атанған Никанбай мырзаның қуанышты жүзі көрсетіледі. Иә, тилсым күштің бары рас. Қызы білегінде Олимпиада ойындарының белгісі аюдың қонжығы бар қалмен өмірге келіпті.

Қазір қос құлындары әкенің абыройына, ананың тәліміне сөз келтірмей жүр. Иә, біз осыдан әкім Никанбайдың айбарлы әке, адал жар, өнегелі ата екенін де аңғарамыз.

Қазақ «Ер бағасын ел берер», дейді. Осы орайда Никанбай Иманғалиұлын бағы жанған жан деуге болады.

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

Кілікпейтін жері жоқ киберқылмыс

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында: «Соңғы жылдары онлайн-алаяқтық мемлекеттің және азаматтардың қаржылық қауіпсіздігіне үлкен нұқсан келтіріп жатыр. Сондықтан киберқылмыспен күресу үшін антифрод орталығы құрылды. Биометриялық анықтау жүйесі енгізілді. Банктердің, микроқаржы ұйымдары мен байланыс операторларының жауапкершілігі күшейді. Дегенмен бұл мәселеге үнемі жіті назар аудару қажет. Құзырлы органдардың жұмысын ұдайы жетілдіріп отырған жөн. Киберқылмыстардың алдын алуға мүмкіндік беретін барынша интеллектуалды жүйе құру керек. Қажет болса, тиісті заңға және құқық қорғау органдарының қызметіне өзгерістер енгізген жөн», – деп атап өткен болатын.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Киберқылмысқа қарсы күрес қарқынды

Сонымен бірге, жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қауіпсіздік кеңесінің отырысы өтіп, онда киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету және азаматтарға арналған цифрлық органы қорғау мәселелері жан-жақты қаралды. Президент бұл жиында биылғы Жолдауда айтылған «Қазақстанды толық цифрлық мемлекетке айналдыру» міндетін еске сала отырып, замануи киберқатерлерге қарсы тұру үшін кешенді әрі жүйелі шаралар қабылдаудың маңыздылығын баса айтты.

Интернет алаяқтарымен күрес, ақпараттық инфрақұрылымды қорғау, кадрлар даярлау және құқық қорғау органдарының қызметін кеңейту мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, Президент азаматтардың жеке деректерін қорғау мен заңсыз таратқаны үшін жазаны күшейтуді және киберортадағы қауіпсіз өрекет қадғаттарын халыққа түсіндіру жұмыстарын жандандыруды тапсырды. Бұл Жолдауда айтылған тапсырмалардың нақты іске асып жатқанын аңғартады.

Бүгінде Президент тапсырмасына сәйкес еліміздің барлық өңірінде цифрлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша кешенді жұмыстар қолға алынған. Әсіресе, киберқылмыспен күрес – бүгінгі күннің аса маңызды міндеттерінің бірі.

Бұл салада Қарағанды облысы нақты нәтижелер көрсетіп отыр. Аймақ көлемінде киберқылмыс-

тық істер саны артып келе жатқанымен, оған қарсы күрестің жаңа құралдары мен тәсілдері іске қосылып, қылмыстық әрекеттердің жолы кесіле бастады.

Облыстық полиция департаментінің киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы ұсынған ресми дерек бойынша, 2025 жылдың басынан бері облыс аумағында интернет-алаяқтардың әрекетінден 2048 адам зардап шеккен. Жалпы шығын көлемі – 2,8 миллиард теңгеден асып отыр.


Олардың ішінде, 542 қылмыс – өзін банк, полиция, пошта, емхана, мемлекеттік орган қызметкері ретінде таныстыру арқылы жасалған, 271 қылмыс – «КазМунай Инвест», «Каспи Профит», «КазАтомПром Инвест» сияқты жалған инвестициялық платформалар арқылы азаматтардың сеніміне кіріп, қаржысын алдап алу жолымен жүзеге асқан.

Қазір алаяқтардың алдап-арбау тәсілдері де күрделене түсуде. Олар бейнебайланыс арқылы полиция немесе прокуратура қызметкерінің киімін киіп, «арнайы операция» жүргізіп жатқандарын айтып, тұрғынды өз атына несие рәсімдеп, сол қаражатты «қауіпсіз шотқа» аударуға үгіттейді. Кейде, тіпті, мұның соңы қарапайым бұқараның қаржыдан, баспанадан айырылуымен аяқталады.

Заң бұзғандар құрықталып, жүйелер бұғатталуда

Қарағандылық тұрғын Арман Ансағанұлы осындай алаяқтардың құрығына түсе жаздаған.

– Бейтаныс нөмірден хабарла-сып, өзінің «Ұлттық банк» қыз-



Қолжазба жасап отырған адамның суреті

меткері екенін айтты. Соңынан «полиция өкілі» видеоқоңырау арқылы шығып, менің атымнан несие рәсімделіп жатқанын жеткізді. Қауіпсіздік үшін өзім несие рәсімдеп, олардың айтқан шотына аударуым қажет екен. Айтқан-дарын орындап, ақша аударуға дайын болдым. Абырой болғанда, қасында отырған әкем күмәнданып, мені тоқтатты. Содан кейін ғана олардың алаяқ екенін түсіндім, – деп атап өтті ол.

Бұл жағдай қоғамда киберқауіпсіздік мәдениеті мен цифрлық сауаттың жеткіліксіз екенін тағы бір мәрте дәлелдеп отыр. Президент Жолдауындағы «Халықтың цифрлық білімін арттыру» туралы міндет осындай оқиғалармен тығыз байланысты.

Облыстық полиция департаментінің киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы тарапынан қылмыстардың жолын кесу және ашу бағытында нақты жұмыстар атқарылууда.

Ресми дерекке сүйенсек, 2025 жылдың 9 айында басқарма қызметкерлері тарапынан елімізде тіркелген ұялы байланыс нөмірлері арқылы қоңырау шалуға арналған 7 SIM-бокс құрылғысы анықталып, бұл құрылғыларды басқарып отырған 5 күдікті ұсталған.

– Алаяқтарға тіркелген SIM-карталарды заңсыз тіркеумен айналысқан 21 жастағы Қарағанды тұрғыны ұсталды, қазіргі уақытта сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Сонымен қатар, Ұлттық банктің «Анти-Фрод орталығы» арқылы 23 млн теңге жәбірленушілерге қайтарылып, 30 млн теңгеге жуық қаражат бұғатталды. «Кибернадзор» жүйесі арқылы 5119 қылмыстық сипаттағы интернет-сілтемесі бұғатталды, – дейді Қарағанды облысы ПД киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер бойынша аға жедел зекілі Дінмұхамед Ғалиұлы.

Тағы бір айта кетерлігі, Саран қаласында үйін сатуға дайындалып жатқан зейнеткер алаяқтардың арбауына түседен аман қалса, Теміртауда 50 жастағы азаматша 6 млн теңгені қылмыскерлерге аударуға шақ қалғанда, полиция мен банк қызметкерлерінің бірлескен әрекетінің арқасында құтқарылды.

– Біз алаяқтарды ұстаумен ғана шектелмейміз. Басты мақсат – халық зардап шекпей тұрып, алдын алу. Киберқауіпсіздік – әр азаматтың жеке жауапкершілігін талап ететін сала. Көп жағдайда қарапайым сақтық арқылы-ақ үлкен

шығыннан аман қалуға болады, – деп толықтырды Дінмұхамед Ғалиұлы.

Алдын алу – басты бағыт

Президент Жолдауында қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіп туралы айтылған нақты міндеттерді орындау мақсатында облыс көлемінде ауқымды ақпараттық науқан жүріп жатыр.

Нақтырақ айтсақ, қоғамдық орын, базар, сауда орталығы сынды халық көп жиналатын жерлерде түсіндіру жұмыстары жүргізілуде, әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде ақпараттық паракшалар таратылып, еріктілердің қатысуымен профилактикалық акциялар өтуде. Сонымен қатар, жұмыс орындары мен оқу орындарында цифрлық қауіпсіздік бойынша кездесулер ұйымдастырылып келеді.

Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіне енгізілген 232-1-бап бойынша, яғни, өз банк картасын үшінші тұлғаға пайдалануға берген «дроперлерге» қатысты түсіндіру жұмыстары күшейтілді. Бұл да – өз кезегінде Президенттің заң үстемдігін қамтамасыз ету туралы тапсырмасының аясында атқа-



ЗАҢ ЖӘНЕ ТӨРТІП

рылып жатқан нақты жұмыс.

Киберқауіпсіздік – Ішкі істер министрлігі немесе арнайы органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Саналы, сергек әрі замануи технологияны меңгерген жан-жақты азаматтар киберқылмыскерлердің құрығына оңай түспейді.

Интернеттегі қауіп көзге көрінбейді. Алайда, салдары ауыр. Сондықтан, әр азамат жеке деректерін сақтау, бейтаныс сілтемеге өтпеу, SMS-кодты жария етпеу, алдын ала төлемге келіспеу, күдікті инвестициялық аландардан бас тарту сияқты қарапайым ережелерді орындау арқылы өзін және отбасын қауіптен сақтай алады.

– Цифрлық қауіпсіздік – ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі екенін ұмытпайық. Бұл технологиямен күрес қана емес, ақпараттық мәдениетті қалыптастыру. Сондықтан, азаматтардың саналы сақтығы мен құқықтық сауаттылығы – біздің басты қорғанымыз, – деп түйіндеді аға жедел зекілі.

Ендеше, телефон арқылы келген SMS-кодты ешкімге айтпаңыз, өйткені, полиция, прокуратура, банк қызметкерлері бейнеқоңыраумен арнайы операция жүргізбейді.

Бейтаныс сілтемеге өтпеңіз, арзан тауар қауіптің белгісі болуы ықтимал. Алдын ала төлем жасаудан бас тартыңыз. «Каспи Профит», «КазМунайГаз Инвест», «КазАтомПром Инвест» деген аландар елімізде мүлдем тіркелмеген.

Қаржылық біліміңіз болмаса, инвестиция немесе криптобиржа-ларға ақша құюдан аулақ болыңыз. Мессенджер арқылы ақша сұраған танысыңызға тікелей қоңырау шалып тексеруді ұмытпаңыз.

Қауіп – байқапты келеді. Ал, оны байқап, алдын алу – өз қолыңызда. Еліміздің болашағы қауіпсіз цифрлық ортада қалыптасады. Сол қауіпсіз цифрлық ортаны бірге жасайық!

• ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

Қаланың да «жаны бар»

Отандастарымыздың көңілі Алматыға ауып тұрады. «Алматы – жаны бар қала» дейді. Ақ басты Алатау мен сондағы Шымбұлақты, басқа да демалыс аймақтарын былай қойғанда, Көктөбесі бар. Алматы десе, көз алдында көлбендеп, өзіне шақырар көрнекі орындар жетерлік. Әр оқушы Астанадағы Бәйтерекке барып, бірінші Президенттің мөрленген алақанына алақанна коюды армандайды. Бәйтеректен өзге де орындар жетерлік. Тарихи, сұр өңді болғанымен, Семейде асау Ертістің үстінен орнатылған көпірі бар. Семейге барсаңыз, көпір үстінде суретке түскініз келетіні анық. Әр қаланың өз бояуы, демі болады. Шаһар сонысымен шаһар. Ал, ғасырға жуық тарихы бар Қарағандыда ше?



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандының даңқы көмірмен шыққан. Қарағанды десе, әуелі жер асты түнегінде еңбек етіп жатқан кеншілер және байтақ Отанды жылытып отырған көмір елестейді. «Өндірістік аймақ» деп айдар тағып қойғалы қай заман?! Мейманды реті келіп жатса, шахталарға апараты. Кеншілердің музейлері де бар. Сол музейде көмір өндірісінің ғана емес, тұтас шаһардың тарихы жатыр. Меймандарды белгілі бір басқарма, немесе, ұйымдар арнайы бағдарлама бойынша кен орындарына, сондағы музейлерге апармаса,

жұмыс жүйеленбеген. Қонақтар шахталарды көруге асығады екен, неге осы артықшылықты пайдаланбасқа? Қарағанды – Қазақстан ғана емес, алып құрлықта ең ірі көмір өндіретін шахталары бар аймақ. Мәселен, Жапонияда наурыз айынан бастап, мамырға дейін сакура ағашы гүлдейді. Сақураның гүлдегенін көру үшін әлемнің түпкір-түпкірінен турист ағылады. Самурайлардың мәдениетімен танысқысы келетіндерде де есеп жок. Міне, қазба байлығы жоқ алақандай ғана аралдағы жапон халқы экономикасына осылайша қосымша кіріс кіргізіп отыр.

Долинка кентіндегі ҚарЛаг саяси қуғын-сүргін құрбандарын

еске алу музейіне де барамыз. ҚарЛаг – Арқаның ғана емес, тіпті, қазақтың ғана емес, адамзаттың қасіреті. Отандастарымыздан бөлек, шетелдерден де туристер, ата-бабасының ізін іздеген зерттеушілер ағылып жатады. Өкінішке қарай, бұл бағытқа да тиісті жағдай жасалмаған. Қарағанды қайда, Долинка қайда? Шырмалуықтай шырмалған жолдар. Қарағандының жолдарын білмейтін турист іргеде жатқан Долинканы өз бетімен таба қоймас.

Қарап отырсақ, Қарағанды тек өндірісмен мақтана алады. Сосын, ҚарЛаг-қа барып қасіретімізді айтамыз. Бар дүниемізді жарытып көрсете де алмай отырмыз. Осы

екеуіне келушілердің қатары қалың екені белгілі. Сол себепті де меймандарға жағдай жасаған абзал.

Қарағанды – ірі мегаполистердің қатарына енудің аз-ақ алдында тұр. Сонымен қатар, мұнда жоғары оқу орындары мен колледждер көп. Яғни, шаһарымыз бара-бара жастар қаласына айналады. Ал, қалада жастар баратын көрнекі орындар жоқ. Олар қаланың Оңтүстік-Шығысындағы екі және орталықтағы саябаққа ғана бара алады. Көрнекі орындар жасалса, бұлар да қаланың ажарына ажар, деміне дем қосары анық.

Осы мәселеге қатысты облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ноян Жүнісовке сауал жолдаған едік. Басшының орынбасары алдағы уақытта Қарағандыда көрнекі орын құрылысын бастау жоспарда жоқ екенін мәлімдеді. Урбанистика орталығының мамандары да бұған қатысты әкімдікке ешқандай да ұсыныс жасалмағанын айтты.

Қарағандының аумағы уақыт өткен сайын кеңейіп келеді. Тиісінше халық саны да артуда. Әсіресе, жастардың үлесі көп. Түрлі ойын-сауық орталықтары мен дәмханалар, клубтар жетерлік. Бірақ, бұл нысандарды қаланың мәдени келбеті деп айтуға мүлде келмейді. Кез келген шаһарда тұрғындарға эстетикалық рахат сыйлайтын көрнекті орын болуы тиіс деп есептейміз.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

Еңбегімен еленген Ерлан

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында ел экономикасының тірегі – жұмысшы мамандықтардың мәртебесін көтеру, өндіріс адамдарының еңбегін лайықты бағалау қажеттігін ерекше атап өтті. «Нағыз еңбек адамы – ел тірегі» деген ұстанымды басшылыққа алған бұл бастама – қол еңбегімен елге қызмет етіп жүрген мыңдаған азаматқа зор рух бергені сөзсіз. Сол азаматтардың бірі – Ерлан Сыздықов. Ол – Балқаш қаласындағы мыс қорыту зауытының ең ауыр әрі жауапты саласында табан аудармай 38 жыл еңбек етіп келе жатқан, өндірісте шыңдалған нағыз еңбек майталманы. Бүгінде «Kazakhmys Smelting» ЖШС Балқаш мыс қорыту зауытының мыс қорыту цехындағы газ құбырын күтіп ұстау учаскесінің бастығы қызметін абыроймен атқарып жүр.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

1967 жылы 29 тамызда дүниеге келген Ерлан аға еңбекке ерте араласты. Туған қаласындағы Абай атындағы №2 мектептің қабырғасында білім нәрімен сусындап, алғашқы арман-мақсаттарының негізін қалады. Мектептегі бір партада бірге отырған болашақ жары – Сайлаугүл Тұрарқызымен тағдырлары тоғысып, бұл күнде тату отбасының алтын дінгегіне айналған. Теміртаудағы жоғары техникалық оқу орнын металлург мамандығы бойынша тәмамдап, екі жыл Отан алдындағы боршын өтеді. Бұл да оның тәртіп пен табандылықты жанына серік еткенін аңғартады.

1988 жылдың ақпанында ол Балқаш мыс қорыту зауытындағы еңбек жолын бастады. Мамандандырылған жөндеу-механикалық басқармасында алғаш еңбек еткен

жас жігіт үшін өндіріс ошағының ауасы да, жұмысы да ауыр еді. Бірақ, сол ауырлықтан еш тайсалмай, жанып тұрған жалынның ішінде жүріп, бала-шағаның қамы үшін күн-түн демей, еңбек етті.

1992 жылы мыс балкыту цехына ауысып, слесарь-жөндеуші болып жұмысын жалғастырды. Қара жұмыстан қаймықпай, темірдей төзім мен болаттай жігердің үлгісін көрсетті. Сол ауыр күндерде де, қолына кітап алып, мамандығына сай білімін шыңдап, 2003 жылы кәсіби оқуын тәмамдады.

Уақыт өте келе, тәжірибесі мен білігі ұштасқан Ерлан Құдайберліұлы еңбек баспалдағының әр сатысынан абыроймен өтті. 2002 жылдан бастап – шебер, 2006-2007 жылдары – аға шебер, ал, 2008 жылдан бері учаске бастығы қызметін атқарып келеді. Бүгінде ол – өндіріс ордасының жүрек қылын дөп басатын, білікті басшы, тәжірибелі тәлімгер, үлкенге



ізет, кішіге қамқор бола білген қадірлі азамат.

Ерлан Сыздықов – қызметте ғана емес, отбасында да өнегелі әке, аяулы ата. 1988 жылы өмірлік жары Сайлаугүлмен шаңырақ



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

көтеріп, тату-тәтті отбасын құрды. Бүгінде Сайлаугүл Сыздықова – әл-Фараби атындағы білім ордасының директоры. Қос қанаты – ұлдары Данияр мен Бағлан ата-ана үмітін ақтап жүр: бірі – әке жолын қуып, конверторлық учаскеде слесарь-жөндеуші, екіншісі – кино әлемінде өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып келе жатқан жас режиссер, «Қазақфильм» студиясының дарынды маманы.

Кәсібіне адалдық, жұмысына жанашырлық пен талапшылдық, қарапайымдылық пен кішіпейілділік – Ерлан Құдайберліұлының бойындағы асыл қасиеттер. Сол себепті де, ол ұжым арасында зор құрметке ие, ал әріптестері үшін – нағыз үлгі тұтар тұлға. Соның дәлелі ретінде, «Еңбек жолы» жобасы аясында Балқаш қаласынан үздік деп танылып, облыстық деңгейде «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» номинациясы бойынша жеңіске жетіп, республикаға жолдама алғанын ерекше атап өткен жөн. Бұл марапат – жылдар бойғы адал қызмет пен маңдай тердің әділ бағасы.

Оның өмір жолы – жастарға өнеге, елге үлгі.

БАЛҚАШ

Қара сөзін жатқа оқып...



Ж.Бектұров атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен «Адамзаттың Абайы» атты XIX Абай оқулары облыстық байқауы жоғары ұйымдастырылды. Қатысушылар қазақтың бас ақыны, жазба әдебиетіміздің негізін қалаушы Абай Құнанбайұлының қара сөздерін жатқа, мәнерлеп оқуы тиіс болды.

Юсуп Әдемі мен №14 мектеп-гимназиясының оқушысы Маратбек Кәусар марапатталды. II дәрежелі дипломға Қарағанды медицина университетінің студенті Сәкен Түбекбайұлы мен Қарағанды жоғары «Болашақ» колледжінің студенті Айша Сарсенқұлова лайық деп танылды. Ал, III орын биігінен әл-Фара-



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс көлеміндегі 15 пен 21 жас аралығындағы жастарды қамтыған бұл байқауға барлығы 40 үміткер қатысты. Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының рухани мұрасын насихаттау, жастардың көркем сөз оқу шеберлігін арттыру, олардың әдебиетке деген қызығушылығын оятуды мақсат тұтты.

Байқаудың ашылу рәсімінде Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Салтанат Кенесбекова сөз сөйлеп, Абай мұрасын жастарға терең меңгеру қажеттігін атап өтті. Ол жас буынды хакімнің асыл сөздері мен терең философиясын жүрекпен түсініп, болашақ өмірлеріне азық етуге шақырды.

Қазылар алқасы құрамында академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті филология факультетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының докторы Жансая Жарылғапов, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері, ақын Ерканат Кенесбеқұлы сынды аға буын өкілдері болды.

Байқау нәтижесі бойынша бас жүлдеге Қарағанды қаласындағы №4 жалпы білім беретін мектептің оқушысы Ақгүл Абдигаликова ие болды.

I дәрежелі дипломмен №66 мектеп-лицейінің оқушысы

би атындағы мектеп-гимназиясының оқушысы Қорабай Назерке мен Әлихан Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін мектептің оқушысы Тастемір Аяулым көрінді.

Сонымен қатар, ынталандыру сыйлығымен Абай Құнанбаев атындағы Саран гуманитарлық-техникалық колледжінің студенті Аманбек Қымбат пен Қарағанды қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы Болат Ералы марапатталды.

Марапаттау рәсімінде Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Бағдат Мұбарак сөз алып, байқау жеңімпаздарын құттықтап, Абай мұрасын бүгінгі жас ұрпақтың жүрегіне жеткізудің маңыздылығына тоқталды. Жеңімпаздарға Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының атынан арнайы диплом мен сыйлық берілді.

«Адамзаттың Абайы» атты Абай оқулары – жастардың рухани дүниесін байытып, ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттыратын тағылымы мол шара. Бұл байқау жас буынның ұлы ақын шығармалары арқылы ой-өрісін кеңейтіп, тіл байлығын дамытып, көркемдік талғамын шыңдауға үлкен мүмкіндік береді.

Қарағанды қалалық мәслихаты Мейрам Муратович Кожуховқа анасы

Сауле Кабиевна КОЖУХОВАНЫҢ

мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты орны толмас қазаға ортақтасып, туған-туыстарына, жақындарына қайғырып көңіл айтады.

«Ардагерлер ұйымы» РҚБ Қарағанды облыстық және қалалық, аудандық кеңестері Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Муратович Кожуховқа аяулы анасы
Сауле Кабиевна КОЖУХОВАНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Журналистер одағының Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Муратович Кожуховқа аяулы анасы

Сауле Кабиевна КОЖУХОВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

Қарағанды медицина университетінің ректораты мен ұжымы Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Муратович Кожуховқа анасы

Сауле Кабиевна КОЖУХОВАНЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына орай қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

№359

«SARYARQA» телеарнасының ұжымы Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Муратович Кожуховқа аяулы анасы

Сауле Кабиевна КОЖУХОВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ ТҮРГЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

«Қарағанды облысының мемлекеттік саулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінде сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін сенім телефоны 78-10-51 жұмыс істейді.

д

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы link.kar@minfin.gov.kz

д

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Аға буын ардақталды

Жаңа Майқұдық мәдениет үйінде Әлихан Бөкейхан ауданы әкімдігінің қолдауымен Қарттар күніне арналған «Қарттарым – асыл қазынам» атты мерекелік іс-шара өтті.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұрпақтар арасындағы сабақтастықты бекемдей түсетін мәнді мерекені әр буын өкілдері көркем өнерімен әрледі. «Дәуір» вокалды-аспаптық ансамблі және Еркебұлан Қалиев, Еркебұлан Елтай, Медет Кәрімнің орындауындағы әндер көпшіліктің көңілінен шықты.

Аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Аймағамбе-

тов құттықтау сөз сөйлеп, Галина Якубованы облыстық ардагерлер кеңесінің «Құрметті ардагері» төсбелгісімен марапаттады.

Бағдарлама аясында мәдениет үйінің қазыналы ортақтарына да құрмет көрсетілді. Аудан әкімі Досбол Күлекеевтің атынан «Шахтерский» халықтық хоры, «Надежда» ардагерлер хоры және «Нұрби» хореографиялық әкеле-ру ансамбліне Алғыс хат табыс етіліп, барлық ата-әжелерге сыйлықтар үлестірілді.

• ЖАСТАР СПОРТ ОЙЫНДАРЫ

Жастар бәсекесінің жарқын белесі

Төрт жылда бір өтетін VI Жастар спорт ойындары өз мәресіне жетті. Сәуір айында Түркістанда басталған дүбірлі додаға еліміздің түпкір-түпкірінен 2 000-нан астам спортшы қатысқан. Олар жаз бойы Олимпиадалық бағыттағы 34 спорт түрінен сынға түсіп, өзара мықтыны анықтады. Жалпыкомандалық есепте облыс құрамасы 56 алтын, 42 күміс және 61 қола медаль еншілеп, төртінші орынға тұрақтады. Ал, жүлдегерлер мен жеңімпаздарды марапаттау рәсімі Қарағанды қаласында ұйымдастырылды. Ол рәсімге Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының орынбасары Нұрлан Есембаев, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Серік Сәниев қатысты. Әрі облыстық мәслихат депутаты Ерден Халилин де үздік командаларға марапат табыстады.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде спортты жан-жақты дамыту керектігін баса айтқан болатын. Осы бағыттағы нақты қадамдардың бірі ретінде осы VI Жастар спорт ойындарын да атап өткен жөн. Бүгінде бұл жарыс жас спортшылардың кәсіби шеберлігін шындайтын маңызды спорттық алаңға айналып келеді. Айта кетейік, биылғы ойындар 2025 жылы Бахрейнде өтетін жастар арасындағы жазғы Азия ойындарына қатысатын ұлттық құраманы жасақтау жолындағы іріктеу кезеңінің бір бөлігі ретінде ұйымдастырылған. Сонымен қатар, биылғы Жастар ойындары Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай өтуде. Сондықтан, бұл тек спорт мерекесі ғана емес, патриотизмді ұлықтайтын тағылымды шара.

– Бұл – тек спорттық бәсекенің мәресі ғана емес, еліміздің спорт саласындағы бөлашағы айқындалатын маңызды кезең. Бұл алаңда елдің үміт күттіретін жас спортшылары бақ сынап, өз шеберлігін дәлелдеді. Ендігі кезекте, сол үздіктер Қазақстанның атынан халықаралық аренада

өнер көрсетіп, ел намысын қорғайды, – деді Нұрлан Абайұлы.

Жалпыкомандалық есеп қорытындысы бойынша Алматы қаласының құрамасы жарыс жеңімпазы атанды. Елорда құрамасы ІІ орын еншілесе, ІІІ орынға Шымкент қаласының спортшылары тұрақтады. Десе де, облыс құрамасы үздік үштікке іліге алмаса да, бірқатар спорт түрінен қарсылас шақ келтірмеді. Атап айтсақ, дзюдо, батут гимнастикасы, үстел теннисі мен жеңіл атлетикадан алдына қара салмады. Сонымен қатар, командалық сайыстардан да айтарлықтай нәтиже тіркелді. Гандболдан ерлер командасы күміс жүлдеге ие болса, әйелдер құрамасында қола медаль. Академиялық ескек есу, байдарка және каное есу бойынша облыс спортшылары күміс жүлде қанжығалады.

Мәселен, дзюдодан турнир сәуір айында өткен болатын. Оған облыс атынан 14 спортшы қатысып, нәтижесінде алты алтын, бір күміс және екі қола медаль жеңіп алды.

– Қорытынды есеп бойынша біздің құрама бірінші орынға тұрақтады. Нәтижеміз өте жақсы. Әрине, азды-көпті қателіктер бар. Алдағы уақытта сол қателіктермен жұмыс істейміз. Үміт артқан

балуандарым жерге қаратпады, – деді «Жас сұңқар» облыстық мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің басшысы Алмас Мұхтаров.

Жеңіл атлетика жарысында қарағандылық спортшылар табысты. Облыстық мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жетекшісі Нұрлан Түсіповтің айтуынша, жергілікті команда мықты қарсыластарын шаң қаптырып, жоғары нәтиже көрсетті.

– Қатысушылардың дайындығы жоғары деңгейде. Соған қарамастан, біздің жеңіл атлеттер табандылық пен шеберлік танытып, жалпы 20 медаль жеңіп алды. Оның сегізі – алтын, бесеуі – күміс, жетеуі – қола. Бұл жетістігімізді Қарағанды жеңіл атлетикасының әлеуетінің зор екендігінің тағы бір дәлелі деп білемін, – деді Нұрлан Түсіпов.

Айта кетейік, облыс құрамасы Қазақстанның жастар ойындарында алғаш рет осындай жоғары нәтижеге қол жеткізіп отыр. Енді үздіктер Азия және халықаралық жастар ойындарына іріктелмек.

Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• ХОККЕЙ

Сырт алаңда сүрінді

Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы ел чемпионатының кезекті турында сырт алаңда елордалық «Nomad» клубымен ойнады. Жерлестер бірінші кездесуде 2:3, қарымта ойында 3:5 есебімен жеңіліп қалды.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұған дейін елордалықтар чемпионат аясында қарағандылықтардың алдында алматылықтарға есе жіберген болатын. Сондықтан, біз де бұл кездесуді өз пайдамызға шешеміз деп ойлағанбыз. Бірақ, сәттілік жетіспей қалды.

Бірінші кездесуде алаң иелері алғашқы болып есеп ашты. Бұл шайбадан кейін бірінші айналымда таблодағы есеп өзгермеді. Тек, екінші айналым басталысымен жерлестер таразы басын теңестірді. Бұл жолы мүмкіндікті мүлт жібермеген «Сарыарқа» шабуылшысы Кирилл Пономарев еді. Есеп – 1:1.

Бұдан кейін араға төрт минут салып алаң иелері қос шайба салып, есеп айырмашылығын алшақтатып үлгерді. Үшінші айналымның аяқталуына үш минут қалғанда Егор Кузьменко есеп алшақтығын қысқартты. Одан кейін жерлестер таразы басын теңестіре алмады. Осылайша елордалықтармен өткен бірінші кездесуде бір шайба айырмашылығымен жеңіліп қалды.

Қарымта кездесудің де салмағы жеңіл болған жоқ. Жерлестер ең болмаса қарымта ойыннан ұлай алып кетуі керек. Қысым да жоғары. Бірақ, үміт те үзілмеген. Сондықтан, барын салып ойнайды олар. Бірақ, алаң иелері ойын басталысымен әдетіне басып, шабуылға лап қой-

ды. Араға үш минут салып есеп те ашып үлгерді. Ал, жерлестер сапынан 8-ші минутта Данила Карабан көзге түсіп, таразы басын теңестірді. Бірақ, қарсыластар шабуылға қайта шығып, бір минут өтер-өтпес уақытта екінші шайбаны салып кетті. Осылайша бірінші айналым алаң иелерінің пайдасына шешілді.

Екінші айналымда елордалықтар 23-ші және 28-ші минутта гол салып, есепті еселеді. Бұл кезеңде де жерлестер қарсыластарына тек бір шайбамен ғана жауап қайтара алды. 38-ші минутта қарсылас қақпасынан сақлау тапқан – Эдуард Михайлов. Есеп 2:4.

Шешуші айналымда қарағандылықтар сапынан Данила Карабан қарсылас қақпасына бір шайба тоғытып, есеп алшақтығын қысқартқан еді. Ойынның аяқталуына біршама уақыт қалған. Қарсыластарды басып оза алмасақ та, ойынды тең ұстап қалуға мүмкіндік бар. Сол себепті олар шабуылды күшейтіп, барынша қарсылас қақпасын торуылдап бақты. Алайда, ойынның аяқталуына үш минут қалғанда «Nomad» шабуылшысы Артур Гатиятов «Сарыарқа» қақпашысы Данил Кадочниковтан айласын асырды. Осылайша алаң иелері қарымта кездесуде де басым түсті.

Енді жерлестер 5-6 қазан күндері өз алаңында петропавлдық «Құлагер» клубын қабылдайды.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• ЖАҢА КІТАП

Жыр жорғасы ортаға оралды

Бұқар жырау аудандық Мәдениет үйінде биыл туғанына 130 жыл толған жерлес акындары Жүнісбек Жолдиновке арналған «Ақын да халық сүйген ер емес пе?!» атты ән-жыр кеші мен оның жаңадан жарыққа шыққан «Жырмен өрілген өнеге» кітабының тұсаукесері өтті.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл шараны аудандық орталық кітапхана ұжымы ұйымдастырып, оның сценарийі мен кітаптың алғысөзін аталған кітапхананың әдіскері Майгүл Аскарова жазып, оны бастан-аяқ жүргізді. Бұған дейін есімі ескерусіз қалған академик Арықтай Қайыпов, Кемпірбай ақын сияқты қаншама тұлғалардың аттарын қайта тірілтіп, бұқаржыраулықтарға танытуда Майгүл қарындасымыздың еңбегі зор екенін айту керек.

Сол күні Жүнісбек ақынның ән-жыр кешіне жиналған жұрт Мәдениет үйінің фойесінде оның өмірі мен шығармашылығы туралы «Ақын болсаң, артыңда сөз қалады...» тақырыбында ұйымдастырылған кітап көрмесімен және өмір сәттері бейнеленген фотогалереямен танысып, жаңа кітапты ақын ұрпақтарының қолтаңбасымен алып жатты.

Ән-жыр кешін Майгүл Аскарова Қуаныш Құрманбаевтың



сөзіне жазылған Бауыржан Есебаевтың «Ел аман болсын!» әнін айтып ашып, Мәдениет үйінің қызметкері Айбар Жаңбырбаев Жүнісбек ақын бейнесінде домбырамен оның «Өмір» деген өлеңін

толғады. Мұнда бала Жүнісбектің жасында көрген жетімдік тақыреті мен есею жылдары суреттелген. Келесі «Ақын» өлеңі жастарға өсиет-кеңес түрінде айтылып, «Еліне өлең-жырын сыйға тартқан Ақын да халық сүйген ер емес пе?!» деген жолдармен аяқталады. Міне, осының соңғы жолы кештің арқауы етіп алынған екен.

Бұқар жырау ауданының Қотыр Қызылтау дейтін жерінде дүниеге келіп, 85 жыл өмір сүрген ақын бүгінгі ұрпағына баба есепті.

Біздің білетініміздей, суырыпсалма халық ақыны Жүнісбек Жолдиновтің «Ойлар» және «Өрендерге өнеге» жыр кітаптары 1966, 1969 жылдары «Жазушы» баспасынан жарық көрген. Енді осы жолы оның туған немересі, Қарағанды қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімі Жанар Тұрлыбекқызы бұрын жарияланбаған бірқатар өлеңдері мен дастандарын жинастырып, «Жырмен өрілген өнеге» кітабын 100 данамен бастырып шығарған көрінеді. Сол жаңа жинақтың тұсаукесерін Жанармен бірге әкесі Тұрлыбек Жүнісбекұлы, Бұқар жырау аудандық мәслихатының төрағасы Асхат Әли мен ардагер

ұстаз Максұтхан Ақышев жасап, құттықтау лебіздерін білдірді. Асхат Сағадияұлы аудан халқы атынан Тұрлыбекке шапан жауып, Жанарға қамзол кигізді.

Кезінде газетімізде жарияланған «Жүнісбек ақын жұртының жадында ма?» деген мақаламызда оның Бұқар жырау мен көршілес Павлодар облысының Баянауыл ауданына да ортақ перзент екенін жазғанбыз. Өйткені ол туған жер патша заманында бұрынғы Баянауыл сыртқы округінің Ақкелін болысына қарап, өзі де біраз уақыт сол Баянауыл ауданындағы Қаныш Сәтбаев атындағы кеңшардың бөлімшесі Теңдік (қазір Мұса Шорманұлы ауылы – автор) ауылында отбасымен тұрған. Сол себептен Жүнісбек ақынның мерейтойына он шақты баянауылдық келіп, осылардың арасынан Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі, Баянауыл ауданының Құрметті азаматы Нескен Мәлікқызы тебірене сөйлеп, өзінің естелігімен бөлісті: – Біз ақын Жүнісбек ағамызбен Теңдік ауылында көрші тұрдық. Мен ол кезде клуб меңгерушісі едім. Аудан, облыс көлемінде бір мәдени шара өтсе, оған қолқа салсам, өтінішімді жерге тастамай,

барған жерін өлең-жырымен қарық қылатын.

Жүнісбек Жолдинов сегіз қырлы, бір сырлы талант есі болғаны көпке мәлім. Ол суырыпсалма ақындығымен қоса өз өлеңдеріне ән жазған сазгер, ауруларды емдеген тәуіп, асқан биші де болған. Халқымыздың біртуар ұлы Өзбекәлі Жәнібеков «Уақыт керуені» атты кітабында Алматыдағы бір үйлену тойында Жүнісбек қарттың қыран құстың жемін ілген қимылын айнытпай келтіріп, жастармен қосыла билегенін сүйсіне жазып, онымен танысып, қазақтың беймәлім билерінің оқиға желісінен, қозғалыс тәсілдерінен көп мағлұмат алғанын айтады. Осы орайда Саран қаласындағы Балалар өнер мектебінің хореография пәнінің мұғалімдері Асылбек Санархан мен Мөлдіржан Темірбек орындаған қазақтың буын биі өте орынды болды.

Сонынан Жүнісбек жұрағаттары ақын атасына «Аққу» мейрамханасында ас беріп, дұға бағыштады.

Бұқар жырау ауданы

Суретті түсірген **Жанұзақ МАКИШЕВ**

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 - Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сыйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru	Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 514 №109 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Жәлел ШАЛҚАР
---	---